

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы Санитариялық қағидалар сумен жабдықтау объектілеріне (орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ауыз сумен, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері), орталықтандырылған ыстық жабдықтау жүйелеріне және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарына қолданылады.

3. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылды:

1) арынды сулар – сулы қабаттың сыртқы бетіндегі атмосфералық қысымнан жоғары қысым астында орын ауыстыратын жерасты сулары;

2) арынсыз сулар – сулы қабаттың жоғары бетінде атмосфералық қысым деңгейінде қысымы бар жерасты сулары;

3) ауыз сумен жабдықтаудағы төтенше жағдайлар болып ауыз сумен жабдықтау көздерінің ластануына, сарқылуына және (немесе) ауыз сумен жабдықтау жүйелерінің бұзылуына алып келген авария, апат, стихиялық немесе табиғи немесе техногенді сипат жағдайы салдарынан суды тұтынушыларға бір тәуліктен аса ауыз судың берілуінің тоқталуы саналады;

4) бак-аккумулятор – су жинауға арналған ыдыс;

5) бұлақ (бастау) – жерасты суларының жер бетіне табиғи жинақталып шығуы;

6) бьеф – ағысы бойынша сужинағыш құрылыстан (бөгет, шлюздер) жоғары немесе одан төмен орналасқан су қоймасының, өзеннің, арнаның бір бөлігі;

7) бірінші санаттағы су қоймасы – орталықтандырылған немесе орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көзі ретінде пайдаланылатын жерүсті су объектілері;

8) гигиеналық норматив – көрсеткіштердің зерттеулермен тағайындалған тіршілік ету ортасының сол немесе өзге де факторларын адам үшін қауіпті және (немесе) қауіпсіз тұрғыдан сипаттайтын рұқсат етілген ең жоғары және ең төмен сандық және (немесе) сапалық мағынасы;

9) деаэрация – судан онда еріген газдарды жою;

10) екінші санаттағы су қоймасы – жаппай демалу, туризм және спорт үшін пайдаланылатын, сондай-ақ елді мекендер шегінде орналасқан жерүсті су объектілері;

11) жағалау жиегі - су объектісі жағалауының судың барынша көтерілуі (лық толуы) нәтижесінде пайда болатын жиегі;

12) жалпы колиформдық бактериялар (бұдан әрі – ЖКБ), грам теріс, оксидаза теріс, спора құрмайтын, дифференциалдық лактозалық орталарда өсе алатын, плюс 37 Цельсий температура (бұдан әрі –⁰С) кезінде 24-48 сағат ішінде лактозаны қышқыл, альдегид және газға дейін ферменттейтін таяқша;

13) жалпы микробтық сан (бұдан әрі – ЖМС) – қоректендіргіш агарда плюс 37⁰С температура кезінде 24 сағат ішінде колония құруға қабілетті мезофильдік аэробты және факультативтік анаэробты микроорганизмдердің жалпы саны;

14) жарма – су деңгейінің көтерілуін қамтамасыз ететін және оның тегеурінін қабылдайтын гидроторап құрылыстары орналасатын өзен учаскесі;

15) жеке ыстық сумен жабдықтау желілері бар жылумен жабдықтау жүйесі – жылу жүйесі мен ыстық сумен жабдықтау арасында байланыс болмаған жағдайда, орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау суының тікелей қыздырылуымен сипатталады;

16) жер үсті су объектілері – шекарасы, көлемі мен су режимі бар, құрлық бетінде оның бедері нысанында сулардың тұрақты немесе уақытша жинақталуы;

17) жеткілікті қорғалмаған жерасты сулары – қоректенуін таралу аумағынан алатын жер бетінің бірінші қабатында орналасқан арынсыз сулы қабаттың жерасты (топырақты) сулары; табиғи жағдайда немесе су қабылдағышты пайдалану нәтижесінде санитариялық қорғаныш аймақтарының алаңында жеткіліксіз қорғалған сулы қабаттардан гидрогеологиялық терезелер немесе шатырдың өткізгіш жыныстары арқылы, сондай-ақ тікелей гидравликалық байланыс арқылы су ағындары мен су қоймаларынан қуат алатын арынды және қысымсыз қабат аралық сулар;

18) жылумен жабдықтау – тұрғын үйлерді, ұйымдарды жылыту, желдету, ыстық су арқылы жылумен жабдықтау;

19) жылумен жабдықтаудың ашық жүйесі – жылу желісіндегі суды ыстық сумен жабдықтауға тікелей бөлетін жылумен жабдықтау жүйесі;

20) жылумен жабдықтаудың жабық жүйесі – ыстық сумен жабдықтауға арналған су ысытқыштарда (бойлерлерде) ысытылатын жылумен жабдықтау жүйесі;

21) каптаж – пайдалану мақсатында жерасты суларының шығарылуын қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрылыс;

22) кемер – өзен, көл немесе жасанды суқойманың сулы бетінің құрлық бетімен қиылысу сызығы;

23) коли-фагтар – E.coli-ді лизирлеу және көректендіргіш агарда плюс 37 Цельсий градус (бұдан әрі – $^{\circ}\text{C}$) температура кезінде 18 сағаттан кейін лизис аймақтарын (түйіндіктер) қалыптастыру қабілеті бар бактериалдық вирустар;

24) қорғалған жерасты сулары – қорғанысы жеткіліксіз жоғарыда жатқан сулы қабаттарынан жергілікті қоректену мүмкіндігін болдырмайтын барлық санитариялық қорғаныш аймақтарының белдеулері шегінде тегіс сутірек жабыны бар қабат аралық сулар (арынды және арынсыз);

25) қойыртпақ – борпылдақ (жұмсақ) консистенциялы өндірістің қалдықтары;

26) магистралдық арна – суды бір бассейннен екіншісіне және бір өзен жүйесінен басқасына ауыстыруға арналған жасанды құрылыс;

27) орталықтандырылмаған сумен жабдықтау – суды шығындау орындарына бермей, жинауға арналған, жалпы пайдалану үшін ашық немесе жеке пайдаланылатын құрылыстар;

28) рекреация – жаппай демалыс, туризм және спортқа арналған, жақын орналасқан жағасы бар су объектісі немесе оның учаскесі;

29) рұқсат етілген шекті түсірінді (бұдан әрі – РШТ) – сарқынды сулардың су объектілеріне, суқойма жағдайы мен су сапасына зиянды әсер етпейтіндей, жол берілген түсірінділердің саны;

30) саба – өзендер мен көлдердегі судың жылда қайталанатын маусымдық төмен (сабалық) деңгейде тұруы;

31) сабалық деңгей – өзендердегі судың жылда қайталанатын маусымдық деңгейі;

32) санитариялық-қорғаныш жолағы – шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау сутартқысының бойымен жақын орналасқан, ондағы судың ластануының алдын алуға арналған аумақ;

33) санитарлық қорғау аймағы - су сапасы нашарлауының алдын алу үшін сумен жабдықтау көзін (ашық және жер асты), су құбыры құрылыстарын және оларды қоршаған аумақты қорғау мақсатында белгіленген режим сақталуға тиіс сумен жабдықтау көзі мен су құбыры құрылыстарының төңірегінде арнайы бөлінетін аумақ (бұдан әрі – СҚА);

34) сел – таулы өзендердің арнасында күрт тасқын салдарынан пайда болатын балшық немесе балшық-тасты ағындар;

35) селден қорғау – елді мекенді, құрылыстарды сел ағынымен бұзылудан қорғауға арналған іс-шаралар, арнайы құрылыстар;

36) су қорғау аймағы – судың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау үшін шаруашылық қызметінің арнайы режимі белгіленетін су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарына іргелес аумақ;

37) судағы заттардың шекті болжамды деңгейлері (бұдан әрі – ШБД) – уыттылықты болжаудың есептеу әдістерінің негізінде әзірленген және жобаланатын немесе салынатын ұйымдарды, тазалау құрылыстарын алдын ала санитариялық қадағалау кезеңінде ғана қолданылатын деңгейлер;

38) сульфитредуциялаушы клостридиялар – сульфиттерді сульфидке дейін редуциялаушы спора пайда болатын анаэробты таяқша тәрізді бактериялар;

39) сутартқы және магистралдық су құбырлары – ауыз сумен жабдықтау көздерінен суды тұтынушы орынға оны жеткізу үшін жұмыс істейтін құбырлар түріндегі құрылыстар;

40) теңіз сулары - егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, бұл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал теңіздерінің сулары.

Аумақтық суларды (теңізді) есептеу Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес айқындалатын тиісті географиялық нүктелерді қосатын бастапқы түзу сызықтан, сондай-ақ Қазақстан Республикасына тиесілі құрлықта да, аралдарда да судың ең көп қайтатын жиегінен жүзеге асырылады;

41) термотолерантты колиформдық бактериялар (бұдан әрі – ТКБ) – жалпы колиформдық бактериялардың белгілеріне ие, сондай-ақ плюс 44 (плюс минус 0,5) °С температурасы кезінде 24 сағат ішінде лактозаны қышқыл, альдегид және газға дейін ферменттей алатын бактериялар;

42) тұщыту әдістері - судан еріген тұз бен басқа да қоспаларды алып тастаудың физикалық және химиялық әдістері;

43) ұңғыма – жерасты суларын жер бетіне шығаруға арналған құрылғы;

44) шекті рұқсат етілген шоғырланушылық (бұдан әрі – РШШ) – көлем немесе масса бірлігінде, шектеусіз уақыт бойына күнделікті әсер ету барысында, организмде ауырсыну өзгерістері мен болашақ ұрпаққа жағымсыз тұқымқуалаушылық өзгерістерді тудырмайтын зиянды заттардың ең көп мөлшері;

45) шығын өлшеуіш – су шығынын өлшеуге арналған құрал;

46) ыстық сумен жабдықтау – тұрғын үйлерді, ұйымдарды тұрмыстық және өндірістік қажеттіліктер үшін арнайы жабдық пен құрылғылардың кешені арқылы ыстық сумен жабдықтау;

47) ыстық сумен жабдықтау жүйесі – бұл мынадай жабдықтардың кешені: жылу көзі, су дайындағыш аппаратура, суысытқыштар, су тасымалдайтын сукүбырлар, су температурасын реттеуге және бақылауға арналған құрылғылар;

48) ыстық сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесі – бұл жылу электр станциясындағы тұтынушыларға құбыр бойымен таратылатын суды жылыту жүйесі;

49) ішек тобының патогенді бактериялары (энтеробактериялар) – ішек инфекциялық ауруларын қоздырушылар;

50) энтеровирустар (ішек вирустары) – адам мен жануарлардың көбіне асқазан-ішек жолдарында болатын, инфекциялық ауруларды тудыратын рибонуклеинқышқылқұрамды вирустардың түрі.

су пайдаланушы - өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

ауызсу – сапасы бойынша белгіленген ұлттық стандарттарға және гигиеналық нормативтерге сай келетін, халықтың ауызсу және шаруашылық-ауызсу мұқтаждарына арналған табиғи күйіндегі немесе өңделгеннен кейінгі су;

ауызсумен және (немесе) шаруашылық-ауызсумен жабдықтау (бұдан әрі – ауызсумен жабдықтау) – ауызсуды алуды, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды және су тұтынушыларға беруді қамтамасыз ететін технологиялық процесс;

ұңғымаларды тампонаждау немесе тампонаждау – бұрғылау гидрокұрылыстарын, мысалы, артезиан ұңғымаларын сулы қабаттың биологиялық және химиялық ластануынан, бетон шегендеу сақиналарының бұзылуынан қорғауға бағытталған іс-шаралар кешені.

2-тарау. Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1-параграф. Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау суының сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

4. Ауыз су мен ыстық судың сапасы мен қауіпсіздігі Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтеріне (бұдан әрі – гигиеналық норматив) сәйкес келеді.

Егер белгіленген бақылау жиілігі кезінде бір жыл ішінде:

1) микробиологиялық (ЖМС, СКС, ТКБ, *Escherichia coli* қоспағанда), паразитологиялық, вирусологиялық көрсеткіштер бойынша гигиеналық нормативтер деңгейлерінің, радиологиялық көрсеткіштер бойынша араласу деңгейлерінің асып кетуі;

2) зерттелетін сынамалар саны жылына кемінде 100 болған кезде су тарату нүктелерінде іріктеп алынатын сынамалардың 95% және одан да көп омч, СКБ, ТКБ және *Escherichia coli* гигиеналық нормативтер деңгейлерінің асып кетуі;

3) органолептикалық, жалпыланған көрсеткіштердің, Органикалық емес және органикалық заттардың гигиеналық нормативтер деңгейлерінің

көрсеткіштерді айқындау әдісі қатесінің шамасынан асып кетуі айқындалмаса, су тұтынушыға сумен жабдықтау жүйелерін пайдалана отырып берілетін ауыз су сапалы деп танылады.

5. Шаруашылық жүргізуші субъектілермен берілетін ауыз су мен ыстық судың сапасы сәйкес келмеген жағдайда мынадай санитарлық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар ұйымдастырылады және жүргізіледі:

1) сапасы мен халықты ауыз сумен қамтамасыз ету қауіпсіздігінің нашарлау себептерін анықтау және жою;

2) халықтың денсаулығына төнген қатерді санитариялық-эпидемиологиялық бағалау нәтижелерімен расталған уақытша ауытқулардың қолданылуы кезеңінде халықтың денсаулығына қатердің болмауы;

3) халықтың денсаулығына төнген қатерді санитариялық-эпидемиологиялық бағалау нәтижелері бойынша белгіленген уақытша ауытқулардың қолданылу мерзімін барынша шектеу болып табылады;

4) уақытша ауытқулардың енгізілуі және олардың қолданылу мерзімдері, халықтың денсаулығы үшін қатердің болмауы, сондай-ақ халыққа ауыз су мен ыстық суды пайдалану жөніндегі ұсынымдар туралы халықты хабардар ету болып табылады

6. Сумен жабдықтауды және сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін «Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының (бұдан әрі – «Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары) талаптарына және осы Санитариялық қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес ауыз судың және ыстық судың сапасына өндірістік бақылауды жүзеге асырады.

7. Сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды жүзеге асыратын және (немесе) халықты ауыз сумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъекті (2 сағат ішінде телефон арқылы және 12 сағат ішінде авариялық жағдай, техникалық бұзушылықтар туындаған, су сынамаларын зертханалық зерттеу нәтижесін алған кезден бастап жазбаша нысанда) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін хабардар етеді:

1) сумен жабдықтау жүйесінің объектілері мен құрылыстарында авариялық жағдайлардың немесе ауыз су мен ыстық судың сапасы мен қауіпсіздігінің нашарлауына және халықты сумен жабдықтау жағдайларының туындағаны туралы;

2) санитариялық-химиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, вирусологиялық және радиологиялық көрсеткіштер бойынша гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін су сынамаларын зертханалық зерттеудің әрбір нәтижесі туралы ақпаратты ұсынады.

Сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды жүзеге асыратын және (немесе) халықты ауыз сумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъект Санитариялық қағидалардың осы тармағында көрсетілген жағдайларды жою жөнінде дереу шаралар қабылдайды.

Тез арада жойылуы мүмкін емес табиғи сипаттағы құбылыстармен немесе апаттық уақиғалармен байланысты жағдайларда, шаруашылық жүргізуші субъект халықты гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін балама ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша мерзімдері мен негіздемелері көрсетілген іс-шаралар жүргізіледі.

8. Ведомстволық тиесілігі жоқ (иесіз) су тоғандарында не су құбырларында авариялық жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ сумен жабдықтаудың балама көздері болмаған кезде жергілікті атқарушы органдар елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастырады және (немесе) халықты гигиеналық нормативтерге сәйкес сапалы тасымалданатын ауыз сумен қамтамасыз етеді.

Сырттан әкелетін ауыз суды жеткізу судың қайталап ластануын болдырмайтын таңбаланған тығыз жабылатын ыдыстарда, арнайы осы мақсаттарға арналған изотермиялық ыдыстарда (цистерналарда) «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) талаптарына сәйкес келетін көлік құралдарымен жүргізіледі. Сырттан әкелетін ауыз суды тікелей күн сәулесінің және атмосфералық жауын-шашынның әсерін болдырмайтын жағдайларда арнайы бөлінген орындар мен тамақ өнімдерімен байланыста болатын материалдарға қойылатын талаптарға сәйкес келетін материалдардан жасалған ыдыстарда сақталады.

9. Өндірістік бақылау жүзеге асырылатын көрсеткіштер тізбесі және сынама алу жиілігін белгілеуге қойылатын талаптар осы Санитариялық қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген талаптарға сәйкес келеді.

10. Ауыз суда бөгде қосындылар мен жұқа қабық беттері болмайды.

Ауыз суға «бөгде қосындылар» дегеніміз құм, заттардың әртүрлі қатты фракциялары, көрінетін биологиялық агенттер (күрттар, дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі жәндіктер), қоқыс және осыған ұқсас заттар түсініледі.

11. Жаңадан салынған, реконструкцияланатын сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануға берген кезде, сондай-ақ авариялық жағдайларды жойғаннан кейін сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды қамтамасыз ететін және (немесе) халықты ауыз сумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъектілер ауыз судың және ыстық судың сапасы мен қауіпсіздігін міндетті түрде зертханалық бақылай отырып, оларды шаюды және дезинфекциялауды жүргізеді.

12. Желілер мен құрылыстарды жуу және дезинфекциялау ауыз су мен ыстық судың сапасы гигиеналық нормативтерге сәйкес келген кезде (екі реттік (жүйелі) зертханалық зерттеулердің нәтижелері) аяқталған болып саналады.

13. Ауыз судың эпидемияға қатысты сапасы мен қауіпсіздігі оның микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштері бойынша гигиеналық нормативтерге сәйкес келуі айқындалады.

14. Ауыз суды ішек тобындағы патогенді бактериялар мен энтеровирустарға зерттеулер, сондай-ақ тиісті халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган аумақтық бөлімшесінің шешімі бойынша эпидемиологиялық көрсетулер бойынша өткізіледі.

15. Ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігі химиялық құрамы бойынша зиянсыздығы оның табиғи суларда неғұрлым жиі кездесетін зиянды химиялық заттар, антропогендік жынысты заттар құрамының көрсеткіштері сәйкес келуімен айқындалады:

1) сумен жабдықтау жүйесінде суды өңдеу үдерісінде онда пайда болатын химиялық заттар осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшадағы 2 кестеге сәйкес айқындалады;

2) адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде сумен жабдықтау көздеріне келіп түсетін ауыз судағы зиянды химиялық заттар құрамының гигиеналық нормативтері осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес келеді.

16. Ауыз суда қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарына жататын және зияндылығының санитариялық-токсикологиялық белгісі бойынша нормаланатын бірнеше химиялық заттар анықталған жағдайда, олардың әрқайсысының суда анықталған қатынастарының рұқсат етілген шекті шоғырлану (бұдан әрі – РШШ) мөлшері бірліктен тұрады. Есептеулер мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$C_{1 \text{ факт}}/C_{1 \text{ р.е.}} + C_{2 \text{ факт}}/C_{2 \text{ р.е.}} + \dots + C_{n \text{ факт}}/C_{n \text{ р.е.}} \leq 1$$
, мұндағы C_1, C_2, C_n – қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарына жататын жеке химиялық заттардың шоғырлануы:

факт – нақты шоғырлану, р.е. – рұқсат етілген шоғырлану.

17. Ауыз судың радиациялық қауіпсіздік көрсеткіштері гигиеналық нормативтерге сәйкес, ортақ а және b – активтілігіне сәйкестігімен айқындалады;

18. Судағы радионуклеидтерді сәйкестендіру және олардың жеке шоғырлануын өлшеу жалпы нормативтердің белсенділігінің артуы кезінде жүргізіледі. Анықталған шоғырлануды бағалау «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-71 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29012 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-71 бұйрығы) сәйкес жүргізіледі.

19. Таратқыш желісінің сынамаларын алу көшедегі су таратқыш жабдықтарынан ең биік және ең соңғы учаскелерінен, басқылау мен жергілікті су арынды бактары бар барлық үйлердің ішкі су тарту крандарынан алынады.

20. Орталықтандырылған ауыз сумен және ыстық сумен жабдықтау жүйелері үшін су тазарту және су дайындау үшін пайдаланылатын материалдар, реагенттер мен жабдықтар, конструкциялық материалдар «Кеден одағында санитарлық шараларды қолдану туралы» Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II-тарауының 3-бөлімінің талаптарына сәйкес келеді.

2-параграф. Орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз суға арналған санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

21. Орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты сулары пайдаланылады. Оларды пайдалану су жинау құрылыстарының арнайы жабдығын орнату арқылы жүзеге асырылады (ұңғымалар, шахталық және құбырлық құдықтар, бұлақтардың каптаждары).

22. Халықты орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көздерінің су тарту құрылыстарының (ұңғымалардың, шахталық және құбырлық құдықтардың, бұлақтардың каптаждары) орналасу орнын таңдауды су пайдаланушы геологиялық және гидрогеологиялық деректер, сондай-ақ судың микробиологиялық және (немесе) химиялық ластануының ықтимал көздерінің (дәретханалар, қазылған шұңқырлар, компост үймелері, қиды, қалдықтарды, минералдық тыңайтқыштарды, улы химикаттарды, өнеркәсіптік ұйымдарды, су бұру құрылыстарын жинап қою, ескі тасталған құдықтар, мал аулалары, адамдар мен жануарлар жерленген орындар) болуын ескере отырып, жақын жатқан аумақты зерттеу нәтижелері негізінде жүзеге асырады.

Орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың су тарту құрылыстары ластану көздерінен жер асты суларының ағыны бойынша кемінде 50 метр (бұдан әрі – м) жоғары қашықтықта орналастырылады.

Орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың су тарту құрылыстары тасқын сулармен су басқан учаскелерде, батпақты жерлерде, сондай-ақ көшкінге және топырақтың басқа да деформациясына ұшырайтын жерлерде, сондай-ақ автомагистральдардан 30 м жақын жерде орналастырылмайды.

23. Геологиялық және гидрологиялық деректер жерасты суларының жату тереңдігі, жерасты сулары ағынының бағыты, су тұтқыш қабаттың бағдарлы қуаты, су тұтқыш горизонттармен және жерүсті су объектілерімен өзара байланыс мүмкіндігі туралы мәліметтерді қамтиды.

24. Су тарту құрылыстарының жер үсті бөлігінде су көзі суының ластануын болдырмауға арналған жабындар болады.

Каптаждың (құдықтың) айналасынан 5 м қашықтықтағы аумақ қоршалады және абаттандырылады. Каптажды (құдықты) жер үсті суларының басуынан қорғау үшін су бұру жырасына қарай еңісі бар соқыр жерлермен жабдықталады.

25. Құдықтың (каптаждың) жанында шелектер немесе ұқсас сыйымдылықтар орнатуға арналған орындық немесе ұқсас құрылғы жабдықталады.

26. Шахта құдығының үстіне атмосфералық жауын-шашынның түсуін болдырмау мақсатында қалқа салынады.

27. Құдық (каптаж) ауыз суды көтеретін құрылғылармен жабдықталады.

Ауыз суды құдықтан (каптаждан) жеке шелектермен немесе жеке электр сорғылармен көтеруге тыйым салынады.

28. Орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көзінен 20 м жақын радиуста Көлік құралдарын жуу, кір жуу және шаю, жануарларды суару, қи, қоқыс және өндіріс пен тұтыну қалдықтарының басқа да түрлерін жинау су көзі суының ластануына ықпал ететін қызметтің басқа да түрлері жүзеге асырылмайды.

29. Орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көзінің жабдықтарын тазартуды сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды қамтамасыз ететін және (немесе) халықты ауыз сумен қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъектілер жылына кемінде бір рет жүргізеді.

Әрбір тазалаудан немесе жөндеуден кейін су жинау құрылыстарына дезинфекция жүргізіледі, одан кейін ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігі жуылады және бақыланады.

Тарату желісі жоқ ұңғымаларды, құдықтарды (шахталық, құбырлы), бұлақтардың каптаждарын дезинфекциялау жүзеге асырылады:

1) профилактикалық мақсатта (жаңа объектілерді салу аяқталғаннан кейін немесе жұмыс істеп тұрған объектілерді тазартқаннан және жөндегеннен кейін);

2) эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша (елді мекенде ішек инфекцияларының өршуі, құдықтар суға сарқынды және тасқын сулардың, нәжістің, Жануарлар өлекселерінің және осыған ұқсас ластанулардың түсуі кезінде).

30. Орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көзін жою кезінде су пайдаланушымен су көзіне тампонаж жүргізеді.

Тампонаж мынадай:

1) су тұтқыш қабатты оқшаулау жеткіліксіз болған кезде құдықты су сапасының төмендеуі;

2) бетон шегендеу сақиналарының деформациясы немесе бұзылуы;

3) су жинау нүктесін пайдалануда қажеттіліктің болмауы;

4) әр түрлі су горизонттарының, мысалы, металдар мен тұздардың жоғары концентрациясымен тұщы және басқа жағдайларда араласуының алдын алу;

5) геологиялық және (немесе) техникалық ақауларды анықтау;

6) бұрғылау және жайластыру өрескел бұзушылықтармен болған жағдайда көздің ластануының алдын алу;

7) су алу нүктесінің өнімділігін төмендету және жаңасын құру мүмкіндігінің болмауы жағдайларда жүргізіледі.

3-параграф. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

31. Ыстық сумен жабдықтау жүйесіне арналған бастапқы су және тұтынушыға берілетін ыстық судың сапасы қолдану жүйесіне және өңдеу тәсіліне қарамастан, орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау жүйесі суының сапасына қойылатын гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді.

32. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесінің су тарату орындарындағы ыстық судың температурасы плюс 60°C-тан төмен емес және плюс 75°C-тан жоғары еместі құрайды.

33. Ыстық суды дайындаудың және халыққа жеткізудің барлық кезеңдерінде ыстық судың сапасын зертханалық-өндірістік бақылау жүргізіледі.

Ыстық судың сапасын зертханалық өндірістік бақылау:

1) жылумен жабдықтаудың жабық жүйелерінде – бастап қысудың түсу (сукұбыры) орындарында және су ысытқыштардан кейін;

2) жылумен жабдықтаудың ашық жүйелерінде – бастап қысудың түсу (су құбырынемесе су көзі) орындарында, суды дайындаудан кейін (ішуге жарамды су) ыстық сумен жабдықтау желісіне келіп түсуалдында;

3) жеке ыстық сумен жабдықтау желілері бар жылумен жабдықтау жүйелерінде – бастапқы судың түсу (сукұбыры) орындарында және су ысытқыштардан кейін жүзеге асырылады.

34. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесінің суы сапасын мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау желіге және таратқыш желіге келіп түсіру алдында бастапқы судың келіп түсуі орындарында іріктеп жүзеге асырылады.

35. Ыстық сумен жабдықтаудың әртүрлі жүйелерін қолдану мүмкіндігін бастапқы судың сапасын, су тарату нүктелеріндегі суға қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптарды және техникалық-экономикалық негіздерді басшылыққа ала отырып, жобалау ұйымы айқындайды.

36. Ыстық судың эпидемиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жылумен жабдықтаудың ашық жүйелері кезінде кемінде плюс 100°C температурада ауасыздандыру жүргізіледі.

37. Зираттар, қоқыс орындары, мал өлексесін көметін орындардың аумағында, жердің суландыру алаңдары, ассенизация алаңдары және ыстық судың химиялық немесе биологиялық ластану қаупі бар басқа учаскелерде жылумен жабдықтау жүйелеріне және төсем тәсіліне қарамастан, жылу желілерін жүргізуге болмайды.

38. Ыстық сумен жабдықтаудың жылулық желілерін тұрмыстық және өндірістік кәріздеу желілерімен біріккен каналдарға салынбайды.

39. Ыстық сумен жабдықтау желілерін басқа мақсатқа тағайындалған су құбырларымен байланыстырылмайды.

40. Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілер (қоғамдық тамақтану, тамақ өнеркәсібі, мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарының, сондай-ақ медицина ұйымдарының объектілері) жөндеу кезеңінде жылудың басқа көздерінен немесе меншікті қордағы көздерден алынатын ыстық сумен қамтамасыз етілуі тиіс.

41. Бак-аккумуляторлар тұнбалардан және шөп басып кетуден мерзімді тазартылуға жатады. Тазалау жиілігі пайдаланудың жергілікті жағдайларымен айқындалады және кемінде екі жылда бір рет жүргізіледі.

42. Ыстық сумен жабдықтау және жылыту жүйелерін жуудың сапасын бақылауды осы жүйелерді пайдаланатын адам жүргізеді.

43. Жылумен жабдықтауды маусымдық ажырату кезеңінде, оны жөндегеннен кейін және жаңасын іске қосуға жылумен жабдықтаудың ашық жүйелеріне қосылған ыстық сумен жабдықтау жүйелеріндегі темірдің құрамы 1 мг/л дейін және түсі көрсеткіші плюс 70⁰С дейінгі көрсеткіштер бойынша ауыз судың орталықтандырылған жүйелеріндегі судың сапасына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардан ауытқуына жол беріледі.

44. Ыстық судың шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау желісіне келіп түсуіне, сондай-ақ жылу жүйелерінен ыстық суды таратуға жол берілмейді.

4-параграф. Су объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

45. Халықты су пайдалану үшін пайдаланылатын жерүсті және жерасты су объектілері суының сапасы (бұдан әрі – су объектілері суының сапасы) су объектілерін немесе олардың учаскелерін пайдалану түрі гигиеналық нормативтерге (ағыс бойынша ең жақын су пайдалану пункттерінен бір километр жоғары су ағындарында, ал ағынсыз су айдындары мен су қоймаларында су пайдалану пунктінің екі жағынан бір километрде орналасқан тұстамада) сәйкес келеді:

1) ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық су пайдалану көзі ретінде, сондай – ақ тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын сумен жабдықтау үшін (бұдан әрі – су пайдаланудың бірінші санаты);

2) рекреациялық су пайдалану үшін, сондай – ақ елді мекендер шегінде орналасқан су объектілерінің учаскелері (бұдан әрі – су пайдаланудың екінші санаты).

Халықты ауыз сумен жабдықтау мақсаттары үшін пайдаланылатын су объектілерінің су сапасының гигиеналық нормативтеріне сәйкес келмеген кезде гигиеналық нормативтерге сәйкес тарату желісіндегі ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін су дайындау қолданылады.

46. Суобъектілеріне қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарының бірдей шектеулі зияндылығы бар бірнеше заттар түскенде және жоғары орналасқан объектілерден түскен қоспаларды есепке ала отырып, су объектісіндегі әрбір зат шоғырлануларының (C_1, C_2, \dots, C_n) ШРШ-ға сәйкес қатынастарының сомасы мынадай бірліктерден аспайды:

$C_1/ШРШ_1 + C_2/ШРШ_2 + \dots + C_n/ШРШ_n \leq 1$, мұнда C_1, C_2, C_n – су объектісінің суынан табылатын n заттардың шоғырлануы; $ШРШ_1, ШРШ_2$ – сол заттардың ШРШ-сы.

47. Су объектілеріне, жерүсті су объектілерінің мұз қабатының бетіне және су жинау аумағына төгілмейді:

1) құрамында гигиеналық нормативтерден жоғары мөлшерде бактериялық, вирустық және паразиттік сипаттағы инфекциялық аурулардың қоздырғыштары бар барлық түрдегі сарқынды сулар;

2) гигиеналық нормативтер белгіленбеген және оларды айқындау әдістері жоқ заттары (немесе олардың түрлену өнімдері) бар сарқынды сулар;

3) су көлігінің тазартылмаған сарқынды сулары;

4) қойыртпақ, қар;

5) қалдықтар;

6) мұнай өнімдері және құрамында мұнайы бар сулар жатады.

7) ағынсыз өндірістерді, ұтымды технологияларды ұйымдастыру, өнеркәсіпте, қалалық шаруашылықта және ауыл шаруашылығында суару үшін тиісті тазартудан және зарарсыздандырудан кейін айналымды және қайта сумен жабдықтау жүйелерінде барынша пайдалану жолымен жойылатын сарқынды сулар;

8) залалсыздандырылмаған, тазартылмаған немесе жеткілікті тазартылмаған өндірістік сарқынды сулар, сондай-ақ шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар (санитариялық-аулалық қондырғылардан, қоғамдық дәретханалардан (дәретханалардан), қазылған шұңқырлардан) және өнеркәсіптік алаңдар мен елді мекендер аумағынан шығатын жерүсті сарқынды сулар;

9) сумен және балшықпен емдеу үшін пайдаланылатын су айдындарына сарқынды сулар;

10) тазарту құрылыстарынан кейінгі жуу сулары.

Өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар мал шаруашылығы немесе құс шаруашылығы кешендерінен алыстаған кезде тазарту құрылыстарына жіберілуге тиіс.

Тазарту құрылысын орналастыру үшін пайдаланылатын жер учаскесі тасқын және нөсер суларымен су баспайды. Ағынды суларды толық тазартуға арналған биологиялық тоғандар әлсіз Сүзгіш топырақтары бар учаскелерде немесе гидроокшаулағыш қорғанысты пайдалана отырып ұйымдастырылуы тиіс.

48. Су объектілерінде және олардың жағалауларында көлік құралдарын жууға, сондай-ақ су объектілерін судың ластануынан, қоқыстануынан, батпақтануынан және сарқылуынан қорғауды қамтамасыз ететін құрылыстар болмаған кезде суды ластау көзі болып табылатын жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

49. Құрамында радионуклидтер бар сарқынды суларды ағызуды, жоюды және залалсыздандыруды № ҚР ДСМ-71 № бұйрығына сәйкес ағызуды және жоюды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асырады.

50. Сарқынды суларды су айдындарына ағызуды (су бұруды) жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер сарқынды суларды шығару орнын айқындау кезінде су объектісінің қазіргі бар су сапасы және жобаланатын шығаруды ескере отырып, сондай-ақ қолданыстағы ластану көздерін, метеорологиялық және гидрологиялық жағдайларды (ауыспалы режимде жұмыс істейтін су электр станциялары режимінің күрт өзгеруі кезінде кері ағу мүмкіндігін қоса алғанда) ескере отырып, болжанатын суды есепке алады. сарқынды суларды шығарудың халықтың су пайдалану жағдайларына теріс әсерін болдырмау мақсатында.

51. Елді мекендер шегіндегі су объектілеріне су сағалары арқылы ағынды суларды жіберу тек ерекше жағдайларда ғана техникалық-экономикалық негізде және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің келісімімен жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда су объектілері суының қасиеті мен құрамына қойылған нормативтік талаптарды сарқынды суларға жатқызады.

52. Су объектілеріне сарқынды суларды бұру шарттары мыналар ескеріле отырып айқындалады:

1) сарқынды суларды жіберу орнынан бастап халықтың суды шаруашылық, ауыз су, мәдени және тұрмыстық мақсатта пайдалануына жақын пункттердің есептік (бақылау) тұстамаларына дейінгі жер учаскесіндегі су объектісінің сарқынды сулармен қосылу және араласу мүмкіндігінің деңгейі;

2) екі жылдық талдау бойынша сарқынды суларды жіберу орнынан жоғары су объектісінің фондық су сапасы. Қаралатын және жақын су пайдаланатын пункт арасындағы басқа (бар және (жобадағы) ағынды сулардың көрсетілген тармақтарында фондық су сапасы ретінде сарқынды сулардың көрсетілген тармақтарын есепке ала отырып, су объектісінің ластану деңгейі қолданылады;

3) су пайдалану түріне қолданылатын су объектісінің су сапасының нормативтері осы Санитариялық қағидаларға сәйкес.

53. Белгіленген нормативтер болмаған жағдайда су пайдаланушылар ШРШ немесе су объектілерінің суындағы болжанған рұқсат ету деңгейін (бұдан әрі – БРД) негіздеу бойынша қажетті зерттеулер жүргізуді, сондай-ақ оларды ШРШ деңгейінде анықтау әдістерін қамтамасыз етеді.

54. Суды пайдаланудың есептік (бақылау) тұстамасында су объектісіндегі сарқынды судың таралу есесін айқындау кезінде су объектісі суының орташа сағаттық шығыстары және сарқынды судың нақты түсуінің орташа сағаттық шығыстары бойынша есептеулер жүргізіледі.

Есептік гидрологиялық жағдайлар болып мыналар есептеледі: реттелмеген су ағыстары үшін – гидрометеокызмет органдарының мәліметтері бойынша жылдың ең төменгі орташа тәуліктік су шығыны 95 %-дық қамтамасыз етілуі; реттелген су ағыстары үшін – төменгі бьефтегі кері ағыс мүмкіндігін міндетті

есепке алмағанда бөгеттен төмен белгіленген шығын; өзендер, және басқа баяу ағатын су қоймалары үшін жел әсері, ашық және мұзасты режиміндегі тайыздануы мен толуы жағдайлары үшін есептер салыстыру арқылы анықталатын қолайлы режим.

55. Су ерекше аз болған жылдары ең аз орташа тәуліктік су шығыны 95% - дық қамтамасыз етуден кем болған жағдайда тазартылған сарқынды суларды жіберу санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды негізінде белгіленеді.

56. Әр сарқынды суларды шығару және әр ластайтын зат есептері негізінде су объектілеріндегі заттардың ШРҚ нормалары белгіленеді. Оларды сақтау осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес су объектісіндегі есептік (бақылау) тұстамасындағы судың нормативтік сапасын қамтамасыз етуі тиіс.

57. Сарқынды суларды су объектілеріне жіберу, жіберу шарттары халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосы аумақтық бөлімшесімен келісілгеннен кейін белгіленген тәртіппен берілетін арнайы су қолдануға рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

58. Су объектілеріне сарқынды суларды бұруды келісу мыналар арқылы жүргізіледі:

1) су жағдайына әсер ететін ұйымдардың, ғимараттардың, құрылыстардың және басқа объектілердің құрылысына арналған алаңдарды таңдау кезінде, қайта жаңарту (кеңейту) туралы мәселені қарау, ұйымның техникалық қайта жабдықталуы немесе өндіріс технологиясының өзгеруі кезінде;

2) жаңа және қайта жаңартылатын (кеңейтілетін) объектілердің сарқынды сулары кәріздеу, тазалау, залалсыздандыру және зарарсыздандыру жобаларын қарау кезінде;

3) арнайы су пайдалану материалдарын және жұмыс істейтін объектілердің ШРҚ жобаларын қарау кезінде.

59. Жерүсті және жерасты суларын ластауды болдырмау үшін құрылыстармен қамтамасыз етілмеген және судағы зиянды заттарды анықтаудың әдістері мен белгіленген ШРҚ болмаған кезде жаңа және қайта жаңартылған объектілерді пайдалануға беруге тыйым салынады.

60. Сарқынды суларды су айдындарына ағызуды (су бұруды) жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер су объектілерін қорғау, олардың ластануы мен қоқыстануын болғызбау мақсатында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен жол берілетін төгінділер нормативтерін келісуді қамтамасыз етеді.

61. Су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер:

1) жерүсті су объектілерінің су сапасының гигиеналық нормативтерін сақтауға бағытталған санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізуге міндетті;

2) ағызылатын сарқынды сулардың құрамын және су объектілері суының сапасын бақылауға міндетті;

3) санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерін халықтың денсаулығына қауіп төндіретін авариялық жағдайлардың туындау қатері, сондай-ақ авариялық жағдайлар туындаған кезде немесе су пайдалану жағдайлары туралы уақтылы хабардар етуге міндетті.

62. Жерасты суларын қоректендіру саласындағы топырақты суару үшін осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшада келтірілген өндірістік бақылау шеңберінде су объектілерінің суына зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде су объектілері суларының басым көрсеткіштерін белгілеу талаптарына сәйкес микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштерге жауап беретін сарқынды сулар пайдаланылады

63. Жерасты су объектілеріне сарқынды суларды айдауды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъекті осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшада келтірілген өндірістік бақылау шеңберінде су объектілерінің суына зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде су объектілері суларының басым көрсеткіштерін белгілеу талаптарын ескере отырып тандап алынған, айдалған сарқынды сулардың химиялық құрамын сипаттайтын көрсеткіштер бақыланатын бақылау ұңғымаларымен жабдықталады.

64. Сарқынды суларды жерүсті су объектілеріне ағызуға өндірістік бақылауды сарқынды суларды су объектісіне ағызу орнынан 500 м-ден аспайтын қашықтықта су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер ұйымдастырады және жүргізеді.

Елді мекендер шегінде сарқынды суларды ағызу кезінде сарқынды суларды ағызуды өндірістік бақылау пункті тікелей ағызу орнында орналасуы тиіс.

65. Су пайдаланушылардың өндірістік бақылауды жүзеге асыруы кезінде жерүсті су объектісінің су сынамаларын алу орны, кезеңділігі бақыланатын аймақтың функционалдық мақсатына қарай белгіленеді:

1) Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға арналған су тарту орналасқан жерлерде;

2) халықтың жаппай демалатын орындарындағы су объектілерінде және рекреациялық аймақтарда су объектісін шомылуға пайдалану кезеңінде (жазғы сауықтыру кезеңінде) – микробиологиялық көрсеткіштер бойынша – күнтізбелік 10 күнде бір рет; органолептикалық, санитариялық-химиялық және паразитологиялық көрсеткіштер бойынша – айына бір рет жүргізіледі.

66. Су сапасының гигиеналық нормативтерге сәйкес еместігі анықталған жағдайда су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер

санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды әзірлеуге және жүргізуге тиіс.

67. Топырақ пен жер асты суларының ластану көздерінің су таратқыштан екі жағынан 10 м және су таратқыштардың диаметрі 1000 миллиметрден асқан кезде кемінде 20 м шегінде су таратқыштар өтетін жерде болуына жол берілмейді.

Қоқыс үйінділерінің, сүзу алаңдарының, суару алқаптарының, зираттардың, мал қорымдарының аумағы бойынша су таратқыштарды төсеуге, сондай-ақ өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының аумағы бойынша магистральдық су таратқыштарды төсеуге жол берілмейді.

5-параграф. Халықтың су пайдалану орындарындағы су қоймаларының жағалау суларын ластанудан қорғауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

68. Су пайдаланушы халықтың рекреациялық, емдік және сауықтыру мақсаттарында, ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау мақсаттарында пайдалануы үшін су айдындары (су қоймалары, өзендер, көлдер, теңіз) акваториясының учаскелерін, жағалаудағы суши белдеуін, сондай-ақ санитариялық қорғау аймақтарын (су айдындарын ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланған кезде) айқындау кезінде:

1) дауыл, су қоймасына құятын өзендердің тасуы (су тасқыны) кезеңіндегі су айдынының гидрологиялық және гидрохимиялық деректері;

2) халықты сумен жабдықтау үшін суды неғұрлым көп жинау кезеңіндегі судың құрамы мен қасиеттерінің көрсеткіштері;

3) дауыл, су қоймасына құятын өзендердің тасуы (жайылмасы) кезеңінде нормаланатын заттар концентрациясының орташа арифметикалық мәні;

4) басым жағалау ағыстары;

5) шоғырлану-қуғындау желдері.

Халықтың су пайдалануы үшін пайдаланылатын су айдындары суының сапасы (бұдан әрі-су объектілері суының сапасы) су объектілерін немесе олардың учаскелерін пайдалану түріне байланысты гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді:

1) су айдындарының немесе олардың учаскелерінің шаруашылық-ауыз су пайдалану көзі ретіндегі жағалаулық сулары және жүзу бассейндері, сумен емдеу орындары үшін су жинау орындары (бұдан әрі-су пайдалану су айдынының бірінші санаты);

2) рекреациялық су пайдалануға арналған су айдындарының немесе олардың учаскелерінің жағалаудағы сулары (шомылу, су спорт түрлерімен айналысу), сондай – ақ елді мекендер шегінде орналасқан су айдындарының

жағалаудағы суларының учаскелері (бұдан әрі-су пайдалану су айдынының екінші санаты).

69. Су объектісін рекреациялық мақсаттарда пайдалану (демалыс, туризм, спорт) су объектісінің су объектісін халықтың денсаулығы үшін қауіпсіз пайдаланудың санитариялық қағидалары мен шарттарына сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болған кезде жүзеге асырылады.

70. Су пайдалану орнындағы су айдыны суының құрамы мен қасиеттері гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді.

71. Су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуына өндірістік бақылауды, санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды зертханалық зерттеулер мен өлшеулер жүргізе отырып, Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасына сәйкес аккредиттелген зертхананы тарта отырып жүзеге асырады.

Сарқынды суларды ұйымдасқан түрде ағызуды өндірістік бақылау үшін су сынамаларын іріктеу терең су шығарылымына түсер алдында (ағындарды зарарсыздандырудың тиімділігін бағалау мақсатында) ағызу орнының үстінен және ағызу орнынан 500 м аспайтын радиуста, сондай-ақ тікелей су пайдалану орындарында жүзеге асырылады. Өндірістік бақылауды жүзеге асыру кезінде су сынамаларын алу орны мен кезеңділігі пайдаланылатын су айдыны бөлігінің ені мен ұзындығына байланысты болады:

1) жағажайлар мен рекреация аймақтары – көпшілік шомылатын жерлерде кемінде екі нүкте-су объектісін суға шомылу, спортпен шұғылдану үшін пайдалану кезеңінде 10 тәулікте бір рет;

2) осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес – Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың Су қоймалық су тарту құрылыстары орналасқан жерлерде;

3) жүзу бассейндері мен су шипажайларына арналған су қоймаларының су жинау құрылыстары орналасқан жерлерде – айына кемінде 1 рет;

4) сауықтыру-спорттық пайдалану учаскелерінде-жылына 4 рет (көктемде, жазда, күзде, қыста);

5) терең су шығарылымына түсер алдында-айына кемінде 1 рет;

6) сарқынды суларды шығару орындарында – тікелей ағызу орнында және ағызу орнынан 500 м аспайтын радиуста – жылына кемінде 4 рет (көктемде, жазда, күзде, қыста).

Өндірістік бақылауды жүзеге асыру кезінде бақыланатын химиялық заттарды таңдау осы Санитариялық қағидаларға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

72. Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша гигиеналық нормативтерден асқан кезде (жүйелі түрде іріктелген 2 сынамадан кем емес), сондай-ақ су қоймалары суының ластануына байланысты эпидемиялық жағдайды ескере отырып, суды зерттеуді су пайдаланушы бактериялық сипаттағы (сальмонеллалар, шигеллалар, *Campylobacter jejuni*) және вирустық

(энтеровирустар, ротавирустар, вирустар) ішек инфекцияларының қоздырғыштары үшін көрсеткіштерге жүргізеді гепатит А).

Суға шомылу, спортпен шұғылдану, эпидемиялық жағдай үшін су объектісін пайдалануды бастау кезеңінде айқындалатын көрсеткіштер: өміршең гельминт жұмыртқалары (аскарид, власоглав, токсокар, фасциол), патогенді ішек қарапайымдыларының цисталары мен ооцисттері болып табылады.

73. Сарқынды суларды төгу, су пайдалану ауданында жұмыстар жүргізу кезінде бақылау тұстамасындағы (пунктіндегі) қалқыма заттардың болуы гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді.

74. Су пайдалану орнында су айдындарының суында инфекциялық аурулардың қоздырғыштары анықталған және (немесе) міндетті микробиологиялық көрсеткіштердің бір немесе одан да көп болуы рұқсат етілген мөлшерден асып кеткен кезде су шипажайына су беруге және су айдынының осы учаскесінде рекреация аймағында суға түсуге гигиеналық нормативтерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін іс-шаралар іске асырылғанға дейін тыйым салынады.

75. Өнеркәсіпте, қалалық шаруашылықта, ауыл шаруашылығында суару үшін қайталама, айналымдық сумен жабдықтау жүйелерінде пайдалану техникалық мүмкін емес тазартылған сарқынды сулар тазартылғаннан және зарарсыздандырылғаннан кейін ұзындығы тазарту құрылыстарының есептік өнімділігіне қарай су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъекті айқындайтын терең су шығарылымдары арқылы ғана су пайдалану ауданындағы су қоймаларының суына жіберіледі және осы суларды тазарту мен залалсыздандыруды жүзеге асыратын шаруашылық, тиісінше: тәулігіне 5 мың текше метрге дейін-300 м; тәулігіне 5 мыңнан 50 мың текше метрге дейін-1000 м; тәулігіне 50-ден 300 мың текше метрге дейін-1500 м; тәулігіне 300 мың текше метрден астам-2000 м.

Су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъекті терең су шығарылымдарының ұзындығын сарқынды суларды ағызу кезінде ластанудың таралуы мен таралуын есептеу нәтижелері бойынша олардың ұзындығын ұлғайту жағына ғана өзгертеді.

76. Терең су шығарылымдарының орналасу трассасын, инженерлік-техникалық және технологиялық шешімдерін таңдауды, сондай-ақ су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъекті су айдынының жағалау аймағындағы сарқынды суларды сұйылту дәрежесін есептеу кезінде суды барынша пайдалану кезеңінде су айдынының су сапасының ең нашар көрсеткіштерін ескере отырып жүргізуі қажет.

77. Рекреациялық аймақтар мен жағажайлардың су пайдалану аудандарында су айдындарын суға, мұз қабатының бетіне және су жинау аумағына ағызуға тыйым салынады:

1) жеткілікті тазартылмаған және зарарсыздандырылған шаруашылық-тұрмыстық, өндірістік, нөсер, құрғатқыш суларды қоса алғанда, рекреациялық су пайдалану су айдындары үшін белгіленген гигиеналық нормативтерге сәйкес

келмейтін қалдықтардың барлық түрлерін, тазартылмаған және зарарсыздандырылмаған сарқынды суларды, оның ішінде су көлігінен;

- 2) гигиеналық нормативтер белгіленбеген, сондай-ақ оларды айқындау әдістері жоқ сарқынды суларды ағызуға тыйым салынады;
- 3) қар, қойыртпақ;
- 4) мұнай өнімдері және құрамында мұнайы бар сулар.

6-параграф. Санитариялық қорғаныш аймақтары мен санитариялық-қорғаныш жолақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

78. Жерүсті және жерасты су көздерінен шаруашылық-ауыз су қажеттілігіне беретін сумен жабдықтау көздеріне және құбыры құрылыстырында СҚА көзделеді.

79. СҚА екі және одан да көп әкімшілік аумақтарға таралған жағдайда, СҚА белгілеу жобасы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның тиісті аумақтық бөлімшелерімен келісіледі.

80. СҚА үш белдеуден:

1) су жинау, су құбырлық құрылыстардың орналасқан жерінің аумағын қамтитын және су жинау орындарын және су құбырлық құрылыстарын ластанудан және бүлінуден қорғау үшін қызмет ететін бірінші белдеуден (катал режимнен);

2) шаруашылық-ауыз су мақсатындағы сумен жабдықтау су көздерінің микробиологиялық және химиялық ластануының алдын алуға арналған аумақты қамтитын екінші және үшінші белдеуден (шектеулерден) тұрады.

Су тартқыштардың санитариялық-қорғаныш жолағы шаруашылық-ауыз суға қолдануға арналған су құбырлық суды ластанудан қорғайды.

81. Бұлақтардың және су құбырлық құрылыстардың СҚА үш белдеулерінің әрқайсысында және шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау сутартқыштарының санитариялық-қорғаныш жолағының шегінде, олардың қолданылуына сәйкес, арнайы режим белгіленеді және су сапасының нашарлағанын алдын алуға бағытталған шаралар кешені айқындалады.

82. СҚА-ның жылғалап ағатын су жинағышы бар ауыз сумен жабдықтау жүйелерінде жерүсті су көзі ретінде сумен жабдықтау ұйымдастырылады.

83. СҚА және оның белдеулерін құрайтын, су тартқыштар мен магистральды су құбырлардың санитариялық-қорғаныш жолағының белгіленген шекараларын сумен жабдықтау көздерін пайдалануда пайда болған (болатын) өзгерістер жағдайларында (оның ішінде жерасты суларындағы су жинаудың өнімділігі) немесе жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық жағдайда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы

мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша қарастырылады.

1-бөлім. Сумен жабдықтаудың жерасты көзінің санитариялық қорғау аймағын белгілеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

84. Сумен жабдықтаудың жерасты көзінің СҚА бірінші белдеуінің шекарасы жеке су тартудан (ұңғыма, шахта құдығы, каптаж) немесе топтық су тартудың шеткі су тарту құрылыстарынан қорғалған жерасты суларын пайдалану кезінде – 30 м, жеткіліксіз қорғалған жерасты суларын пайдалану кезінде – 50 м қашықтықта белгіленуі тиіс

85. Топырақ пен жерасты суларының ластану мүмкіндігін болдырмайтын объект аумағында орналасқан жерасты су тартулары үшін, сондай-ақ қолайлы санитариялық, топографиялық, гидрологиялық және геологиялық жағдайларда орналасқан су тартқыштар үшін СҚА бірінші белдеуінің мөлшері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша азайтылады, бірақ тиісінше 15 м және одан астам құрайды (қорғалған жерасты суларын пайдалану кезінде) және 25 м және одан астам (жеткіліксіз қорғалмаған жерасты сулары).

86. Инфильтрациялық су жинағыштардың СҚА белдеуінің шекарасына, егер олардың арасындағы қашықтық 150 м кем болса, су жинағыш пен сумен жабдықтаудың үстіңгі көзі арасындағы жағалау аумағы қосылуы тиіс.

87. Жерасты суларының қорын жасанды толтыру кезінде бас тоғандарға арналған бірінші белдеу шекарасы бас тоғаннан кемінде 50 метр және сіңіретін құрылыстардан кемінде 100 метр қашықтықта орнатылады.

88. Екінші және үшінші белдеулер шекарасын анықтау кезінде, сулылық деңгей жиегінен бас тоғанға жерасты суларының ағыны бас тоғанның коректендіру аймағынан шығатыны есепке алынады.

89. Жерасты суларын сіңіретін бас тоған үшін және оны коректендіретін суқоймасы беті үшін СҚА екінші және үшінші белдеуін орнату қажет.

2-бөлім. Сумен жабдықтаудың жерүсті көзінің санитариялық қорғау аймағын белгілеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

90. Жерүсті су көзін шаруашылық-ауыз суымен жабдықтаудың СҚА бірінші белдеу шекарасы мынадай шектерде орнатылады:

1) су ағыстары үшін (өзендер) ағысы бойынша жоғары – бас тоғаннан кемінде 200 м, бас тоғаннан кемінде 100 м ағысы бойынша төмен, бас тоғанға жағаның жалғасып жатуы бойынша – жазғы - күзгі сабасы кезінде су кемері шегінен кемінде 100 м қашықтықта.

Бас тоғаннан жағаға қарсы беттегі бағытта өзен немесе арнаның ені 100 м кем емес – жазғы - күзгі сабасы кезінде су кемері шегінен 50 м енді барлық айдын және қарсы беттегі жаға, 100 м артық енді өзен және арналар – бас тоғаннан 100 м кем емес енді айдын жолақ;

2) шөміш су жинау орнының бірінші белдеу шекарасына барлық шөміш айдыны кіреді;

3) су қоймалары үшін (су сақтау қоймасы, өзен) бірінші белдеу шекарасы жергілікті санитариялық және гидрологиялық жағдайға байланысты, бірақ 100 м кем емес су жинау акваториясы бойынша барлық бағыттарда және жазғы - күзгі сабасы кезінде су кемері шегінен су жинауға жататын жағаға орнатылған болуға тиіс;

4) теңіз суын шаруашылық-ауыз су мақсаттары үшін пайдаланған кезде су жинағыштар үшін тұщыту әдістерімен бірінші белдеудің шекарасы жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық және гидрологиялық жағдайларға байланысты, бірақ су жинау арнасына су қабылданатын жерден кемінде 100 метр акватория бойынша барлық бағыттарға белгіленеді.

Теңіз жағалауының нақты гидрофизикалық және топографиялық-гидрологиялық ерекшеліктеріне байланысты су жинау арнасының теңіз жаққа қарай ұзындығы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беріле отырып, СҚА негіздемесі жобасының негізінде, бірақ кемінде 300 метр болып белгіленеді.

91. Ағын судағы СҚА екінші белдеу шекарасының микробтық өздігінен тазаруы мақсатында тазартылады:

1) судың ағысымен жоғары қарай ағын судың ені мен ұзындығының немесе оның жеке учаскедегі орташаланған жылдамдығын және белдік шегінен су жинау орнына дейінгі судың ағу уақытын ескере отырып, жазғы-күзгі сабаның орташа айлық су шығынын ІА, Б, В, Г және ІІА климаттық аудандары үшін кемінде 5 тәулік және қалған климаттық аудандар үшін 3 тәулік бойына 95% қамтамасыз етілуі барысында;

2) ағыс бойынша төмен –кері ағыстарға желдің әсерін қоса есепке алғанда, су жинағыштан кемінде 250 м;

3) бүйір шекаралары – жазғы - күзгі сабасы кезінде су кемері шегінен: жазық рельефті жер – 500 м кем емес, таулы рельефті жер – сумен қамту көздері жаққа айналған бірінші баурайдың шыңына дейін, кемінде 750 м жамылғы баурайда және тікте кемінде 1000 м. аралықта болуға тиіс.

92. Су қоймаларындағы СҚА екінші белдеу шекарасы айдын бойынша барлық жағынан сужинағыштан үш километр (бұдан әрі – км) қашықтықта – жел бөгеті болған жағдайда 10% дейін және бес км желбөгет бар болған кезде 10%-дан астам.

Теңіз суларын тұшыту әдістерін қолдану кезінде теңіздегі СҚА екінші белдеуінің шекарасы гидрофизикалық және топографиялық-гидрологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, су жинағыштан барлық жаққа қарай акватория бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беріле отырып, СҚА негіздемесі жобасының негізінде алып тасталады.

93. Жекелеген жағдайларда, нақты санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды есепке ала отырып және тиісті негіздемелер болғанда екінші белдеу аумағын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша кеңейтіледі.

94. Су жинайтын аумақтан тыс орналасқан шаруашылық-ауыз суға арналған су құбыры құрылыстарының СҚА, бірінші белдеумен (қатал режим) әкеліп өткізілген, сутартқыштар мен магистральды су құбырлары үшін – қорғаныш жолағымен.

3-бөлім. Су құбыры құрылыстарын санитарлық қорғау аймағын белгілеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

95. Су жинау аумағынан тыс орналасқан шаруашылық-ауыз су мақсатындағы су құбыры құрылыстарының СҚА бірінші белдеумен (қатал режимдегі), су таратқыштар мен магистральдық су құбырлары үшін – санитариялық-қорғаныш жолағымен ұсынылған.

96. Су құбыры құрылыстарының СҚА бірінші белдеу шекарасы мына қашықтықта қабылданады:

- 1) артық және реттейтін ыдыстардың, сүзгілердің және жанасатын мөлдірлегіштердің қабырғасынан – кемінде 30 метр;
- 2) арынды су мұнарасынан – кемінде 10 метр;
- 3) қалған үй-жайлардан (тұндырғылар, реагенттік шаруашылық, хлор қоймасы, сорғы станциялары және қосалқы үй-жайлар) – кемінде 15 метр;
- 4) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша конструктивтік ерекшеліктеріне байланысты бөлек тұрған суқысым мұнараларына СҚА бірінші белдеуін орнатпауға болады.

Су құбыры құрылыстарының аумағында хлор сақтайтын қойма болған жағдайда, тұрғын және қоғамдық ғимараттарға дейінгі санитариялық қорғаныш аймағының көлемі кемінде 300 метр деп қабылдануы керек.

97. Санитариялық-қорғаныш жолағының ені су құбыры шегінің шетінен барлық жағынан қабылданады:

- 1) су құбыры диаметрі 200 миллиметрге (бұдан әрі – мм.) дейін болғанда, кемінде 6 метр қашықтықта;
- 2) су құбырының диаметрі 200-400 мм. болғанда, кемінде 8 метр қашықтықта;

3) су құбырының диаметрі 400-1000 мм болғанда, кемінде 10 м қашықтықта;

4) су құбырының диаметрі 1000 мм астам болғанда, 20 метр қашықтықта;

5) грунт сулары бар болған кезде, су құбырының диаметріне қарамастан – 50 метр.

При необходимости допускается сокращение ширины санитарно-защитной полосы для водоводов, проходящих по застроенной территории, при положительном санитарно-эпидемиологическом заключении территориального подразделения ведомства государственного органа в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

98. Су жинағыштар мен магистральдық су құбырлары баған түрінде арнайы белгілермен белгіленеді.

Кәріз коллекторлары мен кәріз желілері үшін санитариялық-қорғаныш жолағының ені жиек сызықтарының екі жаны бойынша қабылданады:

1) кәріз коллекторының диаметрі 400 мм кезінде, қашықтық кемінде 8 метр;

2) кәріз коллекторының диаметрі 400-1000 мм кезінде, қашықтық кемінде 10 метр;

3) кәріз коллекторының диаметрі 1000 мм астам кезінде, қашықтық кемінде 20 метр.

4-бөлім. Сумен жабдықтаудың жерасты көздерін санитариялық қорғау аймағының аумағын күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

99. Жерасты су көздерінің суымен жабдықтаудың СҚА бірінші белдеу аумағы көгалдандырылады, қоршалады және күзетпен қамтамасыз етіледі, жерүсті суын оның жиегінен бұру үшін жоспарланады.

Су құбыры құрылыстарын пайдалануға қатысы жоқ адамдардың СҚР-ның бірінші белдеу аумағына және су құбыры құрылыстарының аумағына кіруіне жол берілмейді. Су жинағыштың бірінші белдеу аумағы кемінде 2,5 м биіктікте бітеу қоршаумен жабдықталады.

100. Сорғыш станциясы, резервуарлар және арынды су мұнарасы су дайындайтын станция алаңдары СҚА-мен 2,5 м биіктікте саңылаусыз қоршаулар бар. Саңылаусыз биіктігі 2,0 м. және 0,5 м. тікенек сымдармен немесе металл торлармен қоршауға жол беріледі. Өтпелі және әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардан басқа, құрылыстарды қоршап жанастыруға жол берілмейді.

101. Жерасты және жерүсті суын жинайтын, сорғыш станциясының бірінші көтерілуі және өңделмеген суды тартып құятын құрылыс алаңына арналған, сонымен қатар ұйымның аумағында орналасқан, қоршауы және күзет қорғанысы бар шаруашылық-ауыз суы су құбыры құрылысы алаңына арналған, қоршау түрі жергілікті жағдай есебімен қабылданады.

102. Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау (жерүсті және жерасты) су көздерінің СҚА бірінші белдеу аумағында биік ағаштар, су құбыры құрылысын пайдалануға, қайта жаңартуға және кеңейтуге тікелей қатысы жоқ құрылыстың барлық түрлері, оның ішінде әртүрлі мақсаттағы құбырлар төсемесі, тұрғын үй және шаруашылық-тұрмыстық ғимараттарда адамдарға тұруға, кәсіптілік балық аулаумен айналысуға, улы химикаттар және тыңайтқыштарды қолдануға жол берілмейді.

103. Су жинау құрылысының ғимараты тұрмыстық кәріз жүйесіне сарқынды су бұрылған кәрізбен немесе жергілікті тазарту құрылыстарымен жабдықталады.

Кәріз болмаған жағдайда СҚА аумағының ластануын болдырмайтын орындарда орналасқан ластарды және тұрмыстық қалдықтар су сіндірмейтін қабылдағыштар орнатылады.

104. Бірінші және екінші белдеулердің СҚА аумағы таза ұсталуы тиіс (тұрмыстық, құрылыс қоқыстарынан, жапырақтардан, қураған ағаштардан, қардан тазартылуы тиіс). Су жинау құрылыстарының санитариялық-техникалық жай-күйі (РЧВ, сорғы станциясының павильоны, хлораторлық және су жинау құрылыстарының басқа да үй-жайлары) тиісті санитариялық жай-күйде болады (әктелген, боялған, ағынсыз), ғимараттардың айналасындағы соқыр жерлер герметикалық болуы тиіс.

105. СҚА бірінші белдеуінде орналасқан су жинау құрылысы ауыз судың ластануын болдырмау есебімен жабдықталады.

106. Шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ететін жерасты су көздерінің СҚА-да мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) анықтау, тығындау (консервілеу) немесе барлық ескі, қолданылмайтын, ақаулы немесе дұрыс пайдаланылмайтын, сулы қабаттың ластану мүмкіндігі бөлігінде қауіп туғызатын ұңғымаларды қалпына келтіру;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің оң қорытындысы болған кезде, кеннің үстіңгі қабатының бұзылуына байланысты жаңа ұңғымаларды бұрғылау;

3) объектілердің аумағын санитариялық абаттандыру бойынша іс-шаралар (кәрізбен жабдықтау, су өткізбейтін шұңқыр қондырғылары, жер бетіндегі суағарларды бұруды ұйымдастыру).

107. СҚА-да:

1) жерасты қабаттарына пайдаланылған суларды құю, қатты қалдықтарды жинау және жер қойнауын әзірлеуге;

2) зираттарды, мал өлекесін көметін орындарды, ассенизациялау өрісі, сүзілу өрісі, көң қоймалар, сүрлеме орлар, мал шаруашылығы және құс өсіретін шаруашылық субъектілері және жер асты суларының микробтық, химиялық ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға, тыңайтқыш және улы химикаттарды қолдануға;

3) жанар-жағар май материалдары, улы химикаттарды және минералдық тыңайтқыштарды, шаруашылық-тұрмыстық және өнеркәсіптік

сарқынды сулар жинауыштарын, шлам қоймасын және жер асты суларының микробтық, химиялық ластану қаупіне себепші болатын құрылыс материалдары қоймалары (шағылтас, Елек және басқа да құрылыс материалдары) және басқа да қоймалар, ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруға жол берілмейді.

5-бөлім. Сумен жабдықтаудың жерүсті көздерін санитариялық қорғау аймағының аумағын және су таратқыштардың санитариялық-қорғаныш белдеуін күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

108. СҚА-да судың сапасына әсер ететін ағынды сулар, оның ішінде су көлігінің ағынды сулары, сондай-ақ шомылу, кір жуу, мал суаты, автокөлікті жуу, кәсіптік балық аулаумен айналасуға және суды пайдаланудың басқа түрлеріне жол берілмейді.

109. Жол және жаяу жүргіншілер жолдарының қиылыстарында СҚА-ның екінші белдеуінің шекарасы «Санитариялық қорғаныш аймағы» деген арнайы белгісі бар бағанамен белгіленеді.

110. СҚА айдынының шегінде құм, қиыршық тас пен терендету жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

111. Сумен жабдықтаудың үстіңгі көздерінің СҚА шегінде осы Санитариялық қағидалардың 106-тармағына сәйкес іс-шаралар орындалады. Жерүсті су көздерінің СҚА шегінде:

- 1) негізгі пайдалану ормандарындағы ағашты кесуге;
- 2) мал қоралар орналастыруға, мал жаюға, сумен қамтамасыз ететін көздің су сапасының нашарлауына немесе көлемінің азаюына әкелетін басқа мақсаттарда жағалауға жолағының ені кемінде 500 м шегіндегі су қоймасын мен жер учаскелерін, ормандық жерлерді пайдалануға;
- 3) өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, қалалық және жауын-шашынның ағынды суларын жіберуге тыйым салынады.

112. Су тартқыштардың санитариялық-қорғаныш жолағының шегінде жер қыртысы мен топырақтық суларды ластайтын объектілерді (дәретханалар, қоқыс төгетін орлар, қи қоймалары, қоқыс қабылдағыштар) орналастыруға болмайды.

113. Қоқыс үйінділерінің, ассенизация егістіктерінің, сүзгілеу егістіктерінің, жер шаруашылығының суару егістіктерінің, зираттардың, мал өлекселерін көму орындарының аумағында су тартқыштарын жүргізуге, сондай-ақ өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы ұйымдарының аумағы бойынша магистральдық су тартқыштарды жүргізуге жол берілмейді.

6-бөлім. Санитариялық қорғау аймағын және санитариялық-қорғаныш белдеулерін белгілеу тәртібі

114. СҚА белдеулерінің шекараларын белгілеу:

- 1) сумен жабдықтау көзінің түріне (жерүсті немесе жерасты);
- 2) ластану сипаттамасына (химиялық, микробтық);
- 3) беткі ластанудан қорғау деңгейлеріне (жерасты көзі үшін);
- 4) гидрогеологиялық және гидрологиялық жағдайларға байланысты болады.

115. СҚА 2, 3 – белдеулерінің көлемін белгілеген кезде мыналар ескеріледі:

- 1) 2-белдеу үшін – микроорганизмдердің тіршілік етуге бейімділік уақыты;
- 2) 3-белдеу үшін – судағы химиялық құрамды тұрақты алғанда ластанудың таралу ұзақтығы.

116. СҚА белдеуінің көлемін анықтағанда, микроорганизмдердің таралу мүмкіндігін шектейтін факторлар, химиялық ластанулардың трансформацияға бейімділігі мен олардың қойырлығының сумен жабдықтау көздерінде жүретін заңдылығы толық зерттелген жағдайында химиялық-физикалық үдерістердің (сіңіру, шөгіндінің пайда болуы) әсерінен азаюы есепке алынады.

117. Жерасты суларының СҚА екінші белдеуінің шекараларын есептеу үшін микробтық ластанудың жылжу уақыты осы Санитариялық қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес келеді.

118. Химиялық ластанудан қорғауға арналған СҚА үшінші белдеуінің шекарасы гидродинамикалық есептеулермен айқындалады. Су жинауға химиялық ластану қозғалысының уақыты су таратуды пайдалану мерзімі ретінде қабылданатын мерзім есебімен қабылданады (25-50 жыл).

Егер жерасты суларының қоры су құбырын пайдаланудың шектелмеген мерзімін қамтамасыз етсе, онда сәйкесінше үшінші белдеу жерасты сулары сапасының ұзақ сақталуын қамтамасыз етеді.

119. Сумен жабдықтаудың жерасты және үстіңгі көздерінің СҚА белгілеу үшін шаруашылық-ауыз суға жарамдылығы туралы су объектісінің (ашық және жерасты) жағдайын бағалау жүргізіледі.

120. Сумен қамтамасыз ететін жерасты көзінің СҚА анықтау үшін мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) су көзінің су сапасы;
- 2) су көзінің орналасқан ауласының жалпы гидрогеологиялық сипаттамасы, таңдалған су қабаты (артезиандық – арынды, топырақтық – арынсыз) түрі бойынша мәліметтер, оның шатырының тереңдігі, күштілігі, сусыйымдылық жынысы, сулы қабаттың қоректену және босатылу жағдайлары мен орны, судың молдығы (пайдаланылатын қоры), сулы қабаттың сумен жабдықтау және басқа мақсатта қолданылуы және келешекте пайдаланылуы;
- 3) ауданның (кен орнының) гидрогеологиялық жағдайлары туралы жалпы мәліметтер, сумен жабдықтау үшін ұсынылатын қабаттың қоректену жағдайлары, сужинау ауласының топографиялық, жер қыртысы және санитариялық сипаттамасы, іске қосылатын су қабатының сипаттамасы

(литологиялық құрамы, қуаты, бөгеу сипаттамасы) су алуды есептеудегі судың динамикалық деңгейі);

4) қабаттардың, бөгелетін қабаттардың өткізгіштік деңгейі, қоректену аймағының су сапасына әсер ету мүмкіндігі;

5) су жинауға іргелес орналасқан елді-мекеннің санитариялық сипаттамасы; су жинаудан бастап ықтимал ластану көздеріне: жұмыс істемейтін ұңғымаларға, сіңіргіш шұңқырларға, ойылып түскен жерлерге, құдықтарға, ескі тау-кен орындарына, жинауыштарға дейінгі орналасу мен арақашықтық.

121. Сумен қамтамасыз ететін жерүсті көзінің СҚА анықтау үшін мынадай деректер болуға тиіс:

1) су көзінің су сапасы;

2) гидрологиялық деректер: су жинаудың қоректену бассейнінің көлемі, үстіңгі қабаттағы ағынды режимі, ең жоғарғы, ең төменгі және орташа шығындар, су жинау орнындағы судың жылдамдығы мен деңгейі, мұзқұрсау мен ашудың орташа мерзімдері, көздегі күтілетін шығын, көтерілу-қайту ағыстарының сипаттамасы жөніндегі деректер;

3) бассейнің су жинау тұсында су сапасына әсер ететін бөлігіндегі жалпы санитариялық сипаттама, бассейнің геологиялық сипаттамасы, жер қыртысы, ормандардың, жыртылатын жерлердің, елді мекендердің бар болуы, өндірістік кәсіпорындар (олардың саны, мөлшерлері, орналасуы, өндіріс сипаттамасы);

4) су көзінің су сапасының нашарлауына әсер ететін немесе әсер ете алатын себептер, су көзінің орналасу ауданындағы қатты және сұйық қалдықтарды жою тәсілдері мен орындары; суқойманы ластайтын тұрмыстық, өндірістік ағындылардың бар болуы, жіберілетін ағынды сулардың көлемі, оларды тазарту қондырғылары мен орналасқан жерлері; ағындыларды жіберу орнынан бастап су жинауға дейінгі арақашықтық, су көзінің ластануына әсер ететін басқа себептер (кеме қатынасы, ағаш ағызу, суат, қыста қоқысты мұзға тастау, шомылу, су спорты, мелиорациялық жұмыстар, ауыл шаруашылығында тыңайтқыштар мен улы химикаттарды пайдалану);

5) суқойманың өздігінен тазарту қасиетінің сипаттамасы;

6) айдын мен суқойма көлемі, пайдалы және «өлі» көлем;

7) суқоймадағы су пайдалану мен өңдеу режимі;

8) суқойма жоспары, оның максималды және ең төменгі тереңдігі, тереңдік, жағалаулар, тереңдік шөгінділердің сипаттамасы, көктенудің, шөп басудың, лайланудың бар болуы;

9) күшті желдер мен ағыстардың бағыты;

10) су объектісі қозғалысының жылдамдығы;

11) СҚА жекелеген белдеулері бойынша шекараларын анықтау;

12) көздің суы нөңдеу қажеттілігі туралы деректер (залалсыздандыру, мөлдірлеу, темірсіздендіру және өзгелері);

13) бірдей қоректену аумағы бар аралас су жинаулар туралы деректер (орналасуы, өнімділігі, су сапасы);

14) биомелиорация бойынша жұмыстарды өткізу жоспары.

122. СҚА жобасының құрамы мәтіндік бөлімді, картографиялық материалды және жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінің жобасын қамтиды.

123. СҚО жобасының мәтіндік бөлімі мыналарды қамтиды:

1) су көздерінің санитариялық жағдайының сипаттамасы, осы Санитариялық қағидалар көздеген көлемдегі су сапасын сараптау нәтижелері;

2) сумен жабдықтау көзі бойынша – гидрологиялық деректер (негізгі параметрлер мен олардың уақыт динамикасы) немесе жерасты көзі бойынша гидрогеологиялық деректер;

3) жерасты көзі мен жерүсті су қоймасы арасында гидравликалық байланыс бар жағдайда өзара байланысты сипаттайтын деректер;

4) шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздері орналасқан аудандағы болашақ құрылыстар, соның ішінде тұрғын үйлер, өндіріс пен ауыл шаруашылық нысандары туралы деректер;

5) тиісті негіздемемен бірінші, екінші, үшінші СҚА белдеулерінің шекараларын анық тау және орындау мерзімдері және қаржыландыру көздерімен бірге жауапты орындаушылар көрсетілген іс-шаралар режимі;

6) барлық белдеулердің санитариялық аймағына кіретін аумақтарды шаруашылық мақсатта пайдалану қағидалары мен режимі.

124. Жобаның картографиялық материалы мынадай көлемде ұсынылады:

1) СҚА екінші және үшінші белдеулерінің жобалаумен және су жинау орындары мен су құбыры құрылыстарының алаңдарын, сумен жабдықтау көзі мен оның қоректену бассейнін түсірумен бірге жасалған ситуациялық жоспар;

2) жерүсті сумен жабдықтау көзінде су жинаудың қоректену аясы шегінде ерекшелік бағыттар бойынша гидрологиялық кескіндер;

3) масштабы 1:500 – 1:1000 СҚА бірінші белдеуінің жоспары;

4) осы аумақта орналасқан барлық объектілерді түсіре отырып, жерасты су көздері кезінде 1:10000 - 1:25000 масштабында және жерүсті су көзі кезінде 1:25000-1:50000 масштабында орындалған СҚА екінші және үшінші белдеулерінің жоспары.

125. Ластану болуы мүмкін көздерге жақын бірінші және мәдени-тұрмыстық қажеттілік үшін су пайдалану орындарына (халықтың суға шомылуы, спорт және демалуы үшін пайдаланылатын су қоймаларының учаскелері, сондай-ақ елді мекеннің шегіндегі су қоймалары) жақын бірінші және екінші санаттағы су пайдалану пункттерін шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау перспективалары туралы ресми деректерді есепке ала отырып, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі айқындайды.

7-параграф. Су қорғау аймақтары мен жолақтарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

126. Жерүсті су қоймаларының қолайлы су режимін ұстап тұру, олардың лайлануы мен тұнбалануы, топырақ қабаттарының су эрозиясын, су жануарлары мен құстарының тіршілік ету жағдайларының нашарлауын, сарқынды су тербелістерінің азаюының алдын алу үшін су қоймасына биомелиорация бойынша іс-шаралары жүргізіледі және су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленеді.

127. Су қорғау аймақтары мен жолақтары және олар орналасқан осы жерлердің шаруашылық пайдалану режимі бекітілген жобалау құжаттаманың негізінде жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінде белгіленеді.

128. Су қорғау аймақтарының ең аз ені әрбір жағалаудың судың орта көпжылдық сабалық шегінің кемерінен, өзен алқабын, алқап үсті террасаларын, тұрғылықты жағалаулардың тік ылдиын, жыра және арқалықты қоса алғанда, қабылданады:

- 1) кіші өзендер үшін (ұзындығы 200 километрге дейін) 500 м;
- 2) қалған өзендер үшін: су жинағышта шаруашылық қолданудың қарапайым шарттарын және қолайлы экологиялық жағдайымен – 500 м; су жинағышта шаруашылық қолданудың күрделі шарттарын және экологиялық кернеулі ахуалмен – 1000 м.

129. Арналық су бөгендері үшін су қорғау аймақтарының ең аз ені өзі орналасқан өзендер тәрізді қабылданады. Су қорғау аймағының ішкі шекарасы қалыпты тірелген шегеурінде су кернесі бойынша өтеді.

130. Құйылатын су бөгендері және көлдер үшін су қоймасының 2 шаршы километрге (бұдан әрі – км²) дейінгі акваториясында су қорғау аймағының ең аз ені 300 метрді және 2 км² жоғары акваториясында – 500 метрді құрайды. Су қорғау аймағының ішкі шекарасы орташа көп жылдық шегеурінде су кернесі бойынша өтеді.

131. Су қорғау аймақтарының көрсетілген көлемі жергілікті физикалық-географиялық шартына, су объектісінің шаруашылық пайдалану маңыздылығына және сипатына, іргелес аумақтың топырақтық, рельефтік, санитариялық-техникалық және басқа да шарттарына байланысты өзгеруі мүмкін.

132. Жақын жатқан аумақтардан (өзен алқаптары мен арқалықтардың жаны, жол-көлік желісі, бөгеттер, орман массивтерінің маңы) жерүсті ағын суларының су объектілеріне түсу мүмкіндігін болдырмайтын табиғи және жасанды меже немесе кедергілер су қорғау аймақтарының шекаралары болады.

133. Елді мекендердегі су қорғау аймағы шегінде су объектісінің ластануын және қоқыстануын болдырмайтын пайдалану режимі сақталады.

134. Өзендер мен магистраль арналарының су қорғау белдеулерінің көлемі өзен алқаптарының жүйесін және пішінін, іргелес бөктерлердің тікшілдігін, ауыл-шаруашылық жер-судың құрамы және жағалаулардың қайта өңделуінің болжамын ескере отырып, осы Санитариялық қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес келеді.

135. Су қорғау белдеулердің көрсетілген көлемдері он жылдық дәуірде жағалаулардың қайта өңделуі болжамының еніне жоғарылайды. Жағалаулар

бойында ағаш-бұталар жолақтары немесе қорғаныш және жағалауды нығайтатын құрылыстар болған кезде бағалы ауыл шаруашылық жер-суларда су қорғау белдеулерінің енін азайтуға болады.

136. Елді мекендер шегінде су қорғау жолағының шекаралары су объектісінің ластануын болдырмайтын жағалаулық аймағын (жақтаулар, опырылу, орманбұталы жолақтар) міндетті түрде орнату кезінде жоспарлануына мен құрылысына қарай белгіленеді.

137. Қазіргі уақытта бар үй-жайлар, саяжайлар және бар учаскелері олар су қорғау режимін сақтаған кезде су қорғау жолағы шегінде қалуына рұқсат етіледі.

138. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болдырмайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және қайта жаңартылған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге қайта жаңарту жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кабель, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесімен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен және улы химикаттармен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суғарылатын егістіктерді, зираттарды, мал өлексесін көметін орындарды, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су қоймаларының режимін нашарлататын малды шомылдыруға және санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің әртүрлі да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін улы

химикаттармен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) шекті рұқсат етілген шоғырлануы белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

139. Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда, уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

140. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін арналған тұрақты тұрақтарды, кәсіптік балық аулаумен шұғылдануға, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

141. Су қорғау аймақтарын ұйымдастырғанда халықты сумен жабдықтауға, курорттық, сауықтыру және басқа да мұқтаждықтарына қолданылатын су көздерін СҚА құруға рұқсат беріледі, олардың шекаралары мен көлемдері осы қағидаларда белгіленеді.

142. Су қорғау аймағы шегінде орналасқан пайдаланылатын жері бар жеке және заңды тұлғалар су қорғау аймақтарын тиісті жағдайда ұстауға және жер қоры аумағы мен су қорғау жолақтарының аумақтарын қоспағанда олардың аумағының шаруашылық пайдалану режимін сақтауды қамтамасыз етеді.

8-параграф. Су объектілеріне санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

143. Сумен жабдықтау объектілеріндегі өндірістік және тұрмыстық үй-жайлар су құбырымен және суды бұрумен жабдыкталады. Орталықтандырылған су бұру жүйесіне қосылу мүмкіндігі болмаған кезде, жинағыш-септиктерімен, су өткізбейтін шұңқырмен жабдыкталады.

144. Сумен жабдықтау объектілерінің өндірістік үй-жайларында табиғи және жасанды жарықтандыру қамтамасыз етіледі. Істен шыққан шамдар уақтылы ауыстырылады.

145. Сумен жабдықтаудың хлорлау объектісі механикалық іске қосылатын сору желдету жүйесімен жабдыкталады, желдету жүйесі жарамды күйде болады.

146. Өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды жинау үшін мақсатына байланысты пайдаланылатын таңбаланған жинау мүкәммалы бөлінеді және арнайы бөлінген орында сақталады. Өндірістік және тұрмыстық үй-жайлар таза ұсталады, жинау қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.

147. Сумен жабдықтау объектісінің өндірістік үй-жайларының аумағында үш жақтан қоршалған, қатты жабыны бар контейнерлік алаң бөлінеді. Қоқыс пен қалдықтарды жинау және уақытша сақтау контейнерде жүзеге асырылады, шығаруды мамандандырылған ұйым арнайы бөлінген орында жүргізеді. Автоматты режимде жұмыс істейтін шағын елді мекендердің су жинау аумағында ҚТҚ жинау үшін қақпақтары бар еркін конструкциялы сыйымдылықтарды пайдалануға жол беріледі, ҚТҚ жинау, шығару жөніндегі мамандандырылған ұйымдар болмаған жағдайда, қалдықтарды өз бетінше шығаратын, жергілікті атқарушы орган қызметінің бақылауымен және қызмет көрсетуімен орындар ұйымдастырылады.

148. Сумен жабдықтау объектілеріндегі қызметкерлер арнайы киіммен (қысқы және жазғы) және қорғаныш құралымен («Лепесток» респираторлары, қорғаныш көзілдіктері, резеңке қолғаптар) қамтамасыз етіледі. Қызметкерлерге арналған шуды оқшаулайтын жағдайлар жасалады. Персоналға арналған үй-жайлардағы шудың деңгейі «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26831 болып тіркелген) сәйкес келеді.

149. Сумен жабдықтау объектілеріндегі персонал алдын ала және мерзімдік медициналық тексеруден, гигиеналық оқытудан және жұмысқа рұқсат алудан өтеді.

150. Жылумен жабдықтау жүйелерінің жаңа жылу желілері, олармен байланысты жылу желілері жылумен жабдықтау жүйелерінің түріне қарамастан, сондай-ақ күрделі жөндеуден, авариялық-қалпына келтіру жұмыстарынан кейін кейіннен дезинфекциялай отырып, гидропневматикалық жууға жатқызылады.

Дезинфекциялау оларға қоса берілетін нұсқаулыққа сәйкес кемінде 6 сағат байланысу уақыты кезінде құрамында $75-100 \text{ мг/дм}^3$ белсенді хлор мөлшері бар

шаруашылық-ауыз суды, сондай-ақ басқа рұқсат етілген құралдарды толтыру арқылы жүзеге асырылады.

151. Құрамында қалдық хлоры бар шайынды суларды шығару елді-мекеннің кәріздеу желісіне, ол болмағанда, осы Санитариялық қағидалардың талаптарын сақтаған жағдайда жергілікті жер бедеріне немесе су қоймасына жүзеге асырылады.

152. Құрылыстарды (қосалқы сыйымдылықтар), су құбыры және жылу желілерін жууды және дезинфекциялауды мамандандырылған ұйым жүргізеді, сапасын бақылауды өндірістік зертхана жүргізеді.

153. Сумен жабдықтау объектісін тазалау, жуу және дезинфекциялау (резервуарлар немесе сумен жабдықтау желілері) актісі осы Санитариялық қағидаларға б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

154. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйелері үшін суды дайындау процесінде олардың қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар реагенттер мен конструкциялық материалдар пайдаланылады.

155. Су тарату колонкалары жарамды күйде ұсталады, халыққа су беруге арналған шлангілер мен ұқсас құралдар арқылы су беруге жол берілмейді. Қарау құдықтарының су басуын болдырмау үшін бағанадан еңісі бар қатты төсемі бар соқыр жерлер көзделеді. Су тарату құрылыстарының герметикалығы қамтамасыз етіледі.

Ауыз судың сапасы нашарлаған кезде, сондай-ақ су факторымен берілетін жұқпалы ауруларды тіркеген кезде сумен жабдықтау объектілерін, оның ішінде құдықтарды, каптаждарды қосымша профилактикалық тазалау, жуу және дезинфекциялау осы Санитариялық қағидалардың 153-тармағында келтірілген актіні жасай отырып жүргізіледі.

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз
су мақсаты үшін су жинау орындарына,
шаруашылық-ауыз сумен
жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық
пайдалану орындарына және су
объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық
талаптар» санитариялық қағидаларына
1-қосымша

Өндірістік бақылау шеңберінде ауыз су сапасына зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде ауыз судың бақыланатын көрсеткіштерін белгілеуді таңдауға қойылатын талаптар

1. Тұрақты өндірістік бақылауға жататын ауыз судың химиялық құрамының көрсеткіштерін таңдау ауыз сумен жабдықтау көздері суының химиялық құрамын кеңейтілген зерттеу нәтижелерін талдау, сондай-ақ сумен жабдықтау жүйесіндегі су дайындау технологиясы негізінде әрбір сумен жабдықтау жүйесі үшін жүргізіледі.

2. Сумен жабдықтау көздері суының химиялық құрамына кеңейтілген зерттеулер жүргізу үшін көрсеткіштерді таңдауды сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды жүзеге асыратын ұйым екі кезеңде жүргізеді.

3. Су пайдаланушылар болып табылатын сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер сумен жабдықтау көзінде ықтимал болуы мүмкін химиялық заттардың тізбесі бойынша ауыз сумен жабдықтау көзінің (көздерінің) суына кеңейтілген зертханалық зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады.

4. Суды кеңейтілген зертханалық зерттеу су жинау орындарында сынамалар алу арқылы бір жыл ішінде, ал суды өңдеу немесе әртүрлі су жинау орындарының суын араластыру болған кезде ауыз суды тарату желісіне беру алдында жүргізіледі.

5. Жыл ішінде судың сапасы туралы ақпарат алудың біркелкілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін сумен жабдықтау көзінің түріне байланысты зерттелетін су сынамаларының ең аз мөлшері қабылданады:

1) жер асты көздері үшін-әр маусымда іріктелетін жылына 4 сынама (көктемгі, жазғы, күзгі, қысқы);

2) жер үсті көздері үшін – ай сайын алынатын жылына 12 сынама.

6. Судың химиялық құрамы және ондағы заттардың шоғырлану динамикасы туралы қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда зерттелетін су сынамаларының саны және олардың кезеңділігі ұлғайтылуы мүмкін.

7. Кеңейтілген зерттеулер жүргізу кезінде судың химиялық құрамы туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік беретін су ортасын зерттеудің әмбебап физика-химиялық әдістері қолданылады.

8. Кеңейтілген зерттеулердің деректер базасынан бақыланатын көрсеткіштер тізбесіне енгізілуге тиіс:

1) сумен жабдықтау көзі суындағы концентрациясы ШЖК-дан 0,1 және одан көп үлесті құрайтын 1 және 2-қауіптілік сыныбындағы заттар;

2) қауіптілігі санитариялық-токсикологиялық белгісі бойынша нормаланатын, сумен жабдықтау көзінің суындағы концентрациясы ШЖБШ-ның 0,5 және одан да көп үлесін құрайтын 3 және 4-сыныптағы заттар.

9. Суды кеңейтілген зерттеу және көрсеткіштер нәтижелері осы Санитариялық қағидаларға қосымшаның 1 және 2-кестелерін ескере отырып ресімделеді.

10. Ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылау бағдарламалары "өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес әзірленеді және енгізіледі:

1) ауыз су сапасының бақыланатын көрсеткіштерінің тізбесі және құрамында сынама алудың әрбір тармағы бойынша олардың гигиеналық нормативтері:

- биологиялық және паразитологиялық;
- органолептикалық;
- радиологиялық;
- жалпыланған;
- су дайындау реагенттерінің қалдық мөлшері;

тұрақты өндірістік бақылау үшін сумен жабдықтау көзінің суын кеңейтілген зерттеу нәтижелері бойынша анықталған техногендік сипаттағы химиялық заттар;

2) өлшеу әдісінің жол берілетін қатесін көрсете отырып, бақыланатын көрсеткіштерді айқындау әдістемесі;

3) су тарту орындарында, суды тарату желісіне (таза су резервуарында) және су құбырының сыртқы және ішкі желісінің су тарту пункттерінде (үлкен су құбырлары үшін, бұдан басқа, сумен жабдықтауды жүзеге асыратын ұйымның пайдалану жауапкершілігі аймағының шекарасына жақын арнайы жабдықталған сынама алу нүктесінде) су сынамаларын алу пункттерінің жоспары;

4) судың бақыланатын сынамаларының саны және сынамаларды іріктеудің әрбір тармағы бойынша зертханалық зерттеулер (сынақтар) үшін оларды іріктеу мерзімділігі;

5) су сынамаларын алудың және оларға зерттеу (сынақ) жүргізудің күнтізбелік кестелері.

11. Бақыланатын су сынамаларының саны және оларды алу кезеңділігі осы Санитариялық қағидалардың 9-тармағының талаптарын ескере отырып, әрбір сумен жабдықтау жүйесі үшін жеке айқындалады.

12. Ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік Бақылау бағдарламасында су сапасын бақылау нәтижелеріне ай сайын талдау жүргізу көзделеді және осы Санитариялық қағидалардың 7-тармағын ескере отырып, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне сумен жабдықтау жүйесі әкімшілігінің бақылау нәтижелері бойынша ақпарат беру тәртібі айқындалады.

13. Ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылау бағдарламасын шаруашылық жүргізуші субъект 5 жылдан аспайтын мерзімге бекітеді. Көрсетілген мерзім ішінде ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылау бағдарламасына халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

1-кесте

Суды көңінен зерттеу

№	көрсеткіш	бақылау әдісі	зерттеу объектісі, зерттеу жиілігі	көзі	алынған ауыз су	Тарату желісіндегі су
1	2	3	4	5	6	7

2-кесте

Көрсеткіштердің нәтижелері

№	көрсеткіш	бақылау	зерттеу объектісі
---	-----------	---------	-------------------

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына
2-қосымша

Өндірістік бақылау шеңберінде ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйелерінің ыстық суына зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде ыстық судың бақыланатын көрсеткіштерін таңдауға қойылатын талаптар

Өнімнің (реагенттің) химиялық класы	Бақыланатын көрсеткіштер
1. Алкиламинофосфон қышқылдарына негізделген реагенттер	Иіс
	Дәмі
	Түсі
	Бұлдырлық
	Сутектік көрсеткіш
	Перманганатты тотығу
	Алюминий
	Темір
	Кадмий
	Кобальт
	Мыс
	Никель
	Сынап
	Қорғасын
	Формальдегид
Жалпы хром	
Мырыш	
2. Оксиэтилендифосфон қышқылы (ЭДФК) негізіндегі реагенттер	Иіс
	Дәмі
	Түсі
	Бұлдырлық
	Сутектік көрсеткіш
	Перманганатты тотығу
	Алюминий
	Темір
	Кадмий
	Кобальт
	Марганец
	Мыс
	Никель
Сынап	

	Қорғасын
	Жалпы хром
	Мырыш

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына
3-қосымша

Өндірістік бақылау шеңберінде ауыз су сапасына зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде ауыз су сынамаларының кезеңділігіне және санына қойылатын талаптар

1. Хозяйствующие субъекты, осуществляющие эксплуатацию систем водоснабжения и (или) обеспечивающие население питьевой водой, в том числе в многоквартирных жилых домах, в соответствии с программой производственного контроля должны постоянно контролировать качество и безопасность воды в местах водозабора, перед поступлением в распределительную сеть, а также в местах водоразбора наружной и внутренней распределительных сетей (далее - места водопользования).

2. Количество и периодичность отбора проб воды для лабораторных исследований в местах водозабора устанавливаются с учетом таблицы 1 настоящих приложений Санитарных правил.

1-кесте

Көрсеткіштердің түрлері	Бір жыл ішіндегі сынамалар саны, кемінде:	
	жер асты көздері үшін:	жер үсті көздері үшін:
Микробиологиялық	4 (жыл мезгілдері бойынша)	12 (ай сайын)
Паразитологиялық	жүргізілмейді	12 (ай сайын)
Органолептикалық	4 (жыл мезгілдері бойынша)	12 (ай сайын)
Жалпыланған көрсеткіштер	4 (жыл мезгілдері бойынша)	12 (ай сайын)
Бейорганикалық және органикалық заттар	1	4 (жыл мезгілдері бойынша)
Радиологиялық	1	1

3. Виды определяемых показателей и количество исследуемых проб питьевой воды перед ее поступлением в распределительную сеть устанавливаются с учетом таблицы 2 настоящих приложений Санитарных правил.

2-кесте

Виды показателей	Количество проб в течение одного года, не менее:				
	Для подземных источников:			Для поверхностных источников:	
	Численность населения, обеспечиваемого водой из данной системы водоснабжения, тысяч человек				
	20 дейін	20-100	100 жоғары	100 дейін	100 жоғары
Микробиологиялық	50 ^{<1>}	150 ^{<2>}	365 ^{<3>}	365 ^{<3>}	365 ^{<3>}

Паразитологиялық	жүргізілмейді			12 ^{<4>}	12 ^{<4>}
Органолептикалық	50 ^{<1>}	150 ^{<2>}	365 ^{<3>}	365 ^{<3>}	365 ^{<3>}
Жалпыланған көрсеткіштер	4 ^{<4>}	6 ^{<5>}	12 ^{<6>}	12 ^{<6>}	24 ^{<7>}
Бейорганикалық және органикалық заттар	1 ^{<8>}	1 ^{<8>}	1 ^{<8>}	4 ^{<4>}	12 ^{<6>}
Су дайындау технологиясына байланысты көрсеткіштер	Қалдық хлор, қалдық озон – сағатына кемінде бір рет, қалған реагенттер-ауысымына кемінде бір рет				
Радиологиялық	1 ^{<8>}	1 ^{<8>}	1 ^{<8>}	1 ^{<8>}	1 ^{<8>}

Ескерту: <1> – Күн сайын, <2> – аптасына үш рет, <3> – күн сайын, <4> - жыл мезгілінде бір рет, <5> – екі айда бір рет, <6> - ай сайын, <7> - айына екі рет, <8> - жылына бір рет.

4. Таратушы су құбыры желісіндегі ауыз судың сапасын өндірістік бақылау Қызмет көрсетілетін халықтың санына байланысты осы Санитариялық қағидалардың 3-кестесінде көрсетілген жиілікпен микробиологиялық және органолептикалық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

3-кесте

Қызмет көрсетілетін халық саны, мың адам	Бір айдағы сынамалар саны
10 дейін	2
10-20	10
20-50	30
50-100	100
100 жоғары	Әрбір 5 мың адамға, 100 мыңнан астам халыққа 100+1 сынама

5. Тарату желісінің су сынамаларын алу көшедегі су тарату құрылғыларынан оның ең биік және тұйық учаскелерінде, сондай-ақ барлық үйлердің ішкі тарату желілерінің шүмектерінен және жергілікті су тегеурінді бактары бар жүргізіледі.

6. Ыстық судың сапасын микробиологиялық көрсеткіштер бойынша зерттеу кезінде әрбір сынамада жалпы колиформды бактериялар, *Escherichia coli*, энтерококктар, жалпы микробтық сандар анықталады. Колифагтар микробиологиялық көрсеткіштер бойынша нормадан асқан кезде анықталады.

7. Авариялық жағдайларды жойғаннан және орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізгеннен кейін ыстық судың эпидемиологиялық қауіпсіздігі жалпы колиформды бактериялар, *Escherichia coli*, энтерококктар, жалпы микробтық сан, *Legionella pneumophila* бойынша нормативтерге сәйкестікке анықталады.

8. Ауыз су сапасын өндірістік бақылауды Қазақстан Республикасының ауыз су сапасын зерттеулерді (сынақтарды) орындау құқығына сәйкестікті бағалау саласындағы

аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертханалар жүзеге асыруға тиіс.

9. Жалпыланған және (немесе) органолептикалық көрсеткіштер бойынша гигиеналық нормативтерден асып кеткен кезде қайта іріктеп алынған су сынамаларына зерттеулер жүргізу, ал гигиеналық нормативтерден асып түскені расталған кезде су сапасының бұзылуының себебі болып табылатын химиялық заттарды сәйкестендіру үшін зерттеулер жүргізу қажет.

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына
4-қосымша

Өндірістік бақылау шеңберінде су объектілерінің суына зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде су объектілері суларының басым көрсеткіштерін таңдауға қойылатын талаптар

1. Су объектісі үшін басым көрсеткіштерді таңдау кезінде мыналар ескеріледі:
 - 1) су объектісіне келіп түсетін сарқынды суларға арналған заттың ерекшелігі;
 - 2) су объектісінің суындағы заттың ШЖК арту дәрежесі;
 - 3) қауіптілік сыныбы және зияндылықтың кумуляцияны, уыттылықты және заттың алыс әсер туғызу қабілетін сипаттайтын лимиттеуші белгісі;
 - 4) заттың канцерогенділігі;
 - 5) су объектісінің суында затты табу жиілігі;
 - 6) ұзақ мерзімді бақылау кезінде судағы зат концентрациясының өсу үрдісі;
 - 7) биологиялық ыдырау;
 - 8) заттың Халықпен жанасу дәрежесі (су айдынын ауыз сумен жабдықтау көзі ретінде немесе рекреациялық мақсаттар үшін пайдаланатын халық саны бойынша).
2. Қосымша критерийлерге мыналар жатады:
 - 1) биоаккумуляция;
 - 2) тұрақтылық (резистенттілік);
 - 3) неғұрлым уытты қосылыстар түзе отырып трансформация;
 - 4) хлорлау кезінде галогені бар қосылыстар түзуге қабілеттілігі;
 - 5) түптік шөгінділерде жинақталу қабілеті;
 - 6) заттың тері-резорбтивтік әсері;
 - 7) алыс әсерлердің - канцерогендік, мутагендік, тератогендік, эмбриотоксикалық, аллергендік және гонадотоксикалық салыстырмалы айқындылығы;
 - 8) заттың ортааралық өту қабілетіне байланысты халыққа әсер етудің кешенділігі.
3. Қосымша критерийлер заттардың физикалық-химиялық сипаттамаларына, сарқынды сулар мен су объектілері суларының құрамы мен қасиеттеріне, сондай-ақ өңір халқының су пайдалану жағдайларына қарай ішінара қолданылады.

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына 5-қосымша

Өндірістік бақылау шеңберінде зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде шаруашылық қызметтің әртүрлі объектілерінің әсер ету аймақтарындағы жерасты су көздеріндегі судың басым көрсеткіштерін таңдауға қойылатын талаптар

Шаруашылық қызмет объектілері	Жер асты су көздерінен гигиеналық нормативтерден асатын концентрацияларда табылған ластаушы заттар
Мұнай базалары	Мұнай өнімдері, синтетикалық беттік-белсенді заттар, фенолдар, темір, бром, аммоний, марганец
Мұнай өңдеу кәсіпорындары	Мұнай өнімдері, фенолдар, синтетикалық беттік-белсенді заттар, қорғасын, хлоридтер, сульфаттар, оттегін химиялық тұтыну, формальдегид, аммоний, нитраттар, толуол, этилбензол, ксилол
Әуежайлар	Мұнай өнімдері, фенолдар
Мұнай кен орындары	Мұнай өнімдері, хлоридтер, фенолдар, синтетикалық беттік-белсенді заттар, сынап, марганец, темір
Қатты коммуналдық қалдықтар полигондары	Мұнай өнімдері, фенолдар, аммоний, темір, кадмий, акриламид, стирол, хлоридтер, синтетикалық беттік-белсенді заттар, қорғасын, марганец
Өнеркәсіптік қалдықтар полигондары	Мұнай өнімдері, фенолдар, темір, кадмий, қорғасын, сынап, сурьма, аммоний, никель, хром, бензол
Органикалық синтез кәсіпорындары	Мұнай өнімдері, бензол, формальдегид, этилбензол, моноэтанолламин, кадмий, Қорғасын, хлороформ, никель, сынап, хром, беттік-белсенді заттар, кобальт, күшән, марганец, бром, бор, аммоний, мырыш, мыс
Қалалық кәріздік тазарту құрылыстары	Мұнай өнімдері, фенолдар, темір, аммоний, нитриттер, нитраттар, бром, синтетикалық беттік-белсенді заттар
Ауыл шаруашылық кәсіпорындары	Пестицидтер, аммиак, мұнай өнімдері, фенолдар, синтетикалық беттік-белсенді заттар, нитриттер, нитраттар, минералдану, хлоридтер
Мұнай және газ құбырлары	Мұнай өнімдері, синтетикалық беттік-белсенді заттар
Тұндырғыш тоғандар	Мұнай өнімдері, темір, минералдану, синтетикалық беттік-белсенді заттар, бром, бор, аммоний
Суару алқаптары	Мұнай өнімдері, фенолдар, аммоний, минералдану, нитраттар, нитриттер, хлоридтер
Жылу энергетикасы кәсіпорындары	Мұнай өнімдері, фенолдар, хлоридтер, сульфаттар, синтетикалық беттік-белсенді заттар, аммоний, никель, қорғасын, марганец, темір, алюминий, вольфрам

Кен байыту және металлургия кәсіпорындары	Ксантогенаттар, марганец, темір, барий, сульфаттар, минералдану, никель, стронций, титан, фтор, алюминий, мышьяк, мырыш, қорғасын, мыс, молибден, цианидтер, роданидтер
---	---

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына б-қосымша

Жер асты суларында жоғары концентрацияны анықтау ықтималдығы жоғары басым көрсеткіштер және табиғи текті компоненттер

Көрсеткіштер мен компоненттер	Сулы жыныстардың геохимиялық ерекшеліктері	Жер асты суларының құрамы
Жалпыланған көрсеткіштер		
Минералдау (кұрғақ қалдық)	Теңіз генезисінің терригендік шөгінділері	Натрий хлориді Сульфатты натрий
	Карбонатты гипстелген шөгінділер	Сульфатты; гидрокарбонатты-сульфатты
Жалпы қаттылық	Карбонатты гипстелген шөгінділер	Сульфатты; гидрокарбонатты-сульфатты
Перманганатты тотығу	Құрамында органикалық заттар көп терригендік шөгінділер	Құрамында әр түрлі құрамдағы су бар оттектсіз темір марганец
Зияндылықтың санитариялық-токсикологиялық белгісі бойынша нормаланатын химиялық заттар		
Алюминий	Кристалды сілтілі жыныстар	Сәл сілтілі реакциясы бар гидрокарбонатты-натрийлі
Барий	Карбонатты, терригенді жыныстар	Ортаның нейтралды реакциясы бар гидрокарбонатты кальций-магний
Бериллий	Бериллий бар металлогендік провинциялардың жыныстары	Құрамында фтор мөлшері жоғары гидрокарбонатты аралас катионды құрам
Бор	Карбонатты және терригенді жыныстар	Na / Ca жоғары қатынасы бар әртүрлі аниондық құрамдағы натрий
Бром	Теңізден шыққан терригендік шөгінділер	Натрий хлориді
Кремний	Гумидті аймақтың терригенді шөгінділері	Құрамында органикалық заттар көп гидрокарбонатты натрийлі
Литий	Карбонатты жыныстар	Кальций бикарбонаты
Мышьяк	Металлогендік провинциялардың құрамында мышьяк бар жыныстар	Жоғары Na/Ca қатынасы бар натрий бикарбонаты
Сынап	Металлогендік провинциялардың құрамында сынап бар жыныстар	Құрамында органикалық заттар көп аралас катионды гидрокарбонатты құрам
Селен	Сульфидті минералдануы бар қышқыл кристалды жыныстар	Жоғары рН мәні бар гидрокарбонатты, сульфатты кальций
Стронций	Целестинді минералдануы бар	Гидрокарбонатты, сульфатты кальцийлі

	карбонатты жыныстар	
Фтор	Флюоритті минералдануы бар карбонатты жыныстар Қышқыл кристалды жыныстар	Жоғары Na/Ca қатынасы бар натрий бикарбонаты
Зияндылықтың органолептикалық белгісі бойынша нормаланатын химиялық заттар		
Темір	Құрамында органикалық заттар көп карбонатты, терригенді жыныстар Сульфидті минералдануы бар терригенді, кристалды жыныстар	pH мәні төмен және нейтрал маңы реакциясы бар гидрокарбонатты кальций, pH мәні төмен сульфатты, сульфатты- гидрокарбонатты кальций және ортаның нейтрал маңы реакциясы
Марганец	Органикалық заттар көп терригендік жыныстар	pH мәні төмен және нейтрал маңы реакциясы бар гидрокарбонатты кальцийлі

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына
7-қосымша

Жерасты суларының СҚА екінші белдеуінің шекараларын есептеу үшін микробтық ластанудың жылжу уақыты

№	Гидрогеологиялық шарттар	T _м (тәулігіне)	
		I және II климаттық аудандар шегінде	III және IV климаттық аудандар шегінде
1	2	3	4
1	1. Жеткілікті қорғалмаған жерасты сулары (жерасты сулары, сондай-ақ ашық су қоймасымен тікелей гидравликалық байланысы бар тегеурінді және тегеурінсіз қат-қабат аралық сулар)	400 метр (бұдан әрі - м)	400 м
2	2. Қорғалған жерасты сулары (ашық су қоймасымен тікелей гидравликалық байланысы жоқ тегеурінді және тегеурінсіз қат-қабат аралық сулар)	200 м	100 м

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына 8-қосымша

2-кесте

Өзендердің белдеулері мен магистральды арықтардың су қорғау өлшемдері

№	Өзеннің, магистральды арықтың ұзындығы, километрмен (бұдан әрі – км)	Өзеннің, магистральды арықтың жағалаулық су қорғау белдеуінің ені, метрмен (бұдан әрі – м)
1	2	3
1	50 дейін	20
2	50-100	50
3	100-200	100

Ескертпе:

1. Ірі өзендерде (ұзындығы 200 км-ден астам) жағалаулық су қорғау жолақтары бекітілген жобаларға сәйкес жеке белгіленеді.
2. Өзен бойында жағалаулық су қорғау белдеуі әр жағалаудан ені кемінде 10 метрді құрайды.
3. Таулы алқап шегінде орналасқан өзендерде (еннің мөлшері 100 м. дейін) жағалаулық су қорғау белдеулері 1-кестеге сәйкес белгіленеді.

2-кесте

Су сақтау қоймалары жағалаулық су қорғау белдеуінің ең аз ені

№	Су объектілерінің жағалауына іргелес пайдаланылатын жерлердің түрлері	Бөктерлердің тік еңістігіндегі су қорғау белдеулерін ең аз ені (м)		
		Жағалаудан еңіс (нөлдік еңіс)	Жағалауға еңіс	
			3 градусқа дейін	3 градустан асатын
1	2	3	4	5
1	Егістік	35	55	100
2	Шабындық, пішен	35	50	75
3	Орман, бұта	35	35	55
4	Басқалар	35	35	100

Ескертпе:

Су қорғау белдеулердің көрсетілген көлемі он жылдық кезеңде жағалаулардың қайта өңделуінің болжамының еніне арттырылады.

Су қорғау белдеулерінің ең аз ені өзен аңғарларының пішіні мен жүйесін, іргелес бөктердің құлдығын, жағалауды қайта өңдеу болжамын және пайдаланылатын ауыл шаруашылығы жерінің құрамын есепке ала отырып белгіленеді және барлық су объектілері үшін 2-кестеге сәйкес көлемде қабылданады.

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына 9-қосымша

Сумен жабдықтау объектісін тазалау,
жуу және дезинфекциялау актісі

Елдімекен _____ 20_ж. «__» _____

Комиссия өкілдері: _____
және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органдарының өкілі

_____ (қала, аудан)

_____ (лауазымы, Т.А.Ә. болған жағдайда)

шаруашылық субъектісі _____

_____ (лауазымы Т.А.Ә. болған жағдайда)

Осы актіні жасады _____

_____ (объект атауы)

_____ (орналасқан жері, техникалық мәліметтері)

тазалауға, жууға және дезинфекциялауға жатқызылды

_____ (реагентті көрсету)

белсенді хлор шоғырлануы кезінде _____ мг/дм³ (г/м³)

байланысу ұзақтығы 20_ж. «__» _____ сағат _____ мин

Дезинфекциялау аяқталғаннан кейін суды санитариялық-химиялық және бактериологиялық талдау нәтижелері _____ данада қоса беріледі.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органдары өкілінің қолы _____

Шаруашылық субъектісі өкілінің қолы _____